
<https://www.instagram.com/reel/DCQa3pgl1Z9/?igsh=ZTBzcWZnNXN5azJt>

3. 2024 жылдың 28 қараша күні «Политехникалық колледжі» МКҚК 2024-2025 оқу жылының Мансап орталығының жұмыс жоспарындағы, білім алушылармен ақпараттық, кәсіптік бағдар беру және мансапты жоспарлау негізінде жұмыс жүргізу бағыты бойынша бітіруші түлектерімен Алматы қаласының Ғұмарбек Дәукеев атындағы «Алматы энергетика және байланыс» университетінің мамандары келіп презентацияларын көрсетіп, өз жұмыстарымен таныстырды.

<https://www.facebook.com/share/p/wWLfbLedJZKyvAmX/>

4. 2024 жылдың 27 қыркүйек күні ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі министрлігінің ұйымдастыруымен Еңбек күніне орай бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Аталған жәрмеңкеге Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжінің» МКҚК бітіруші түлектері барып қатысты.

<https://www.facebook.com/share/p/8U5J1MWRoyNVYbca/?mibextid=WC7FNe>

5. 2024 жылдың 22 қазан күні Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК 2024-2025 оқу жылының Мансап орталығының жұмыс жоспарындағы, білім алушылармен ақпараттық, кәсіптік бағдар беру және мансапты жоспарлау негізінде жұмыс жүргізу бағыты бойынша бітіруші түлектерімен Ресей мемлекеті, Кемерово қаласының Кемеровский мемлекеттік университетінің мамандары келіп презентацияларын көрсетіп, өз жұмыстарымен таныстырды.

<https://www.facebook.com/share/p/V5TuXiqvVg48ZtuY/?mibextid=WC7FNe>

6. 2024 жылдың 26 желтоқсан күні ақпараттық, кәсіптік бағдар беру және мансапты жоспарлау негізінде жұмыс жүргізу бағыты бойынша «Политехникалық колледжі» МКҚК бітіруші студенттерімен «ҚАЗАЭРОНАВИГАЦИЯ» РМК» әуе компаниясының мамандары әуе қозғалысын ұйымдастыру және оған қызмет көрсету бойынша кездесу ұйымдастырды.

<https://www.facebook.com/share/p/y7fTVcGg9Hy9Bw57/>

7. 2025 жылдың 22 ақпан күні Шымкент қаласының «Көрме» орталығында «BraveStudy» компаниясының ұйымдастыруымен, «Жоғары оқу орындары мен колледждердің білім беру» көрмесін өткізді. Білім көрмесіне қаланың 200 ге жуық жоғары оқу орындары, жалпы білім беретін және жекеменшік мектептердің оқушылары мен басшылары және профориентологтар қатысты.

<https://www.facebook.com/share/p/1BEHsti9CY/>

8. 2024 жылдың 27 қараша күні ақпараттық, кәсіптік бағдар беру және мансапты жоспарлау негізінде жұмыс жүргізу бағыты бойынша «Политехникалық колледжі» МКҚК бітіруші студенттерімен «Эйр Астана» әуе компаниясының мамандары Әуе техникасын дайындау бағдарламасы аясында кездесу ұйымдастырды

<https://www.facebook.com/share/p/4ZaVMugYmQuvQqmr/>

9. 2025 жылдың 11 наурыз күні «Политехникалық колледжінің» МКҚК кәсіптік бағдар бойынша жұмыс жоспарындағы, білім алушылармен ақпараттық, кәсіптік бағдар беру және мансапты жоспарлау негізінде жұмыс жүргізу бағыты бойынша

бітіруші түлектерімен Шымкент қаласы Абай ауданы Мансап орталығының мамандары Мыңбаев Н.А., Алтынбек А.Ж. келіп презентацияларын көрсетіп, өз жұмыстарымен таныстырды.

<https://www.facebook.com/share/p/15zfnpWNyP/>

10. Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжінің» 2025-2026 оқу жылына арналған кәсіби бағдар беру жұмыс жоспарына сәйкес, 2025 жылдың 19 наурыз күні колледжде «**МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ**» атты ашық есік күні өтті. Бұл іс-шараға қаладағы №66, №77, №25, №42, №48 мектептерінің оқушылары мен ұстаздары қатысты.

<https://www.facebook.com/share/p/19ziVZU2ba/>

11. Колледжде оқытылатын мамандықтарды насихаттау мақсатында Шымкент қаласы білім басқармасы «Политехникалық колледжінің» МКҚК бөлім меңгерушісі Ақболатова Гүлнара Мұхтарқызы Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты "№52 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылы 13 наурыз күні «Ашық есік» күніне қатысып, кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізді.

<https://www.facebook.com/share/p/14zow8b9QW/>

12. 2025 жылғы 15 сәуірде Шымкент қаласы Политехникалық колледжінде «Химия-технологиялық» бөлімі ұйымдастыруымен студенттердің «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС-нің бас мамандарымен кездесуі өтті. Кездесуге өндіріс жөніндегі директоры Навесов Р.Ш., Персоналды басқару және әкімшілік департаментінің директоры Жармаханбетов Т.Ф., Бас энергетик қызметі бөлімінің бастығы Есқұлов М.Ә., Техникалық бөлім бастығының орынбасары Шәріп О.К., №1 цехтың механигі Мырхайдаров М.Б. және БӨҚ және автоматика цехының бастығы Прокофьев А.В. қатысты.

<https://www.facebook.com/share/v/16D3numxRb/>

13. 2025 жылдың 11 сәуір күні «Политехникалық колледжінің» МКҚК кәсіптік бағдар бойынша жұмыс жоспарындағы, білім алушылармен ақпараттық, кәсіптік бағдар беру және мансапты жоспарлау негізінде жұмыс жүргізу бағыты бойынша және Жұмысшы мамандықтар жылына байланысты, бітіруші түлектерімен Шымкент қаласының индустриалды зонасының жұмыстарымен таныстыруға профориентациялық экскурсия жасап, ТОО «Gasyr Energy Construction» мамандары Алимбет Ақарыс және Самкенова Самина келіп презентацияларын көрсетіп, өз жұмыстарымен таныстырды.

<https://www.facebook.com/share/v/16CTDj6Vrd/>

14. 2025 жылдың 4 сәуір күні Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің және Шымкент қаласы әкімдігінің Еңбек мобильділігі орталығымен бірлесе отырып, «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында бос жұмыс орындар жәрмеңкесін өткізді. Аталған жәрмеңкеге Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжінің» МКҚК бітіруші түлектері барып қатысты. Жәрмеңке Шымкент қаласының жұмыс берушілері мен жұмыс іздеушілеріне мол мүмкіндік беретін іс-шара болды.

<https://www.facebook.com/share/p/14EpU9qTEcr/>

15. Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжінің» 2025-2026 оқу жылына арналған кәсіби бағдар беру жұмыс жоспарына сәйкес, 2025 жылдың 14 сәуір күні колледжде 9 және 11 сынып оқушыларына арналған ашық есік күні

өтті. Бұл іс-шараға қаладағы №52, №49, №23, №95 мектептерінің оқушылары мен ұстаздары қатысты.

<https://www.facebook.com/share/v/12LCPLB8TM4/>

16. Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК -нің «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында өткізілетін іс-шараларының медиа жоспарына және 2025-2026 оқу жылына арналған кәсіби бағдар беру жұмыс жоспарына сәйкес, 2025 жылдың 16 сәуір күні колледжде 9 және 11 сынып оқушыларына арналған ашық есік күні өтті. Бұл іс-шараға қаладағы №97 мектептің оқушылары мен ұстаздары қатысты.

<https://www.facebook.com/share/v/1HP8rJ1ts3/>

17. 2025 жылдың 6 ақпан күні «Политехникалық колледжі» МКҚК 2024-2025 оқу жылының Мансап орталығының жұмыс жоспарындағы, білім алушылармен ақпараттық, кәсіптік бағдар беру және мансапты жоспарлау негізінде жұмыс жүргізу бағыты бойынша бітіруші түлектерімен Алматы қаласының Ғұмарбек Дәукеев атындағы «Алматы энергетика және байланыс» университетінің мамандары келіп презентацияларын көрсетіп, өз жұмыстарымен таныстырды.

<https://www.facebook.com/share/p/14BuxUSde3/>

2024-2025 оқу жылының Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК кәсіби бағдар жұмыстары бойынша

10 күндік «PROFSTART» оқу лагерінің есебі.

Шымкент қаласы білім басқармасының 21.05.2025 жылғы № 294 Н/Қ 2025 жылдың жазғы демалыс кезеңінде балалардың демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен айналысуын ұйымдастыру туралы бұйрығының №4 қосымшасы негізінде, 3 ауысымдағы 10 күндік «PROFSTART» жобасы Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжінде» МКҚК 2025 жылдың 26 мамыр күні басталды. Колледжге Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты №23, №24, №90, №143, №144 мектептері бекітілді. Жазғы лагерьге арнайы жоспар құрылып, колледж басшысы қол қойып, бекітті. Әр күн – бір бағытқа арналатын болады. Бірінші күн жоспар бойынша **«Путешествие капли нефти: от природы к человеку»** тақырыбында Мұнай мен газ технологиясын өңдеу мамандығымен таныстыру болды. ПБК оқытушылары түрлі тренингтер мен ойындар арқылы балаларды мамандыққа деген қызығушылығын арттыруға тырысты.

<https://www.facebook.com/share/v/1EfGDvn6Ri/>

07.05.2025 күні «PROF START» оқу лагерінің екінші күні өтті. Балалар **«Автоматтандыру және басқару әлеміне саяхат. Бақылау өлшеу аспаптарымен танысу»** тақырыбында «Технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару» мамандығымен танысты. Қатысушылар заманауи өндіріс орындарында автоматтандырудың қандай рөл атқаратынын біліп, әртүрлі басқару жүйелерімен танысты. Арнайы зертханаларда оқушыларға робот техникасы, датчиктер мен контроллерлердің жұмыс істеу принциптері, сондай-ақ өндірісті басқарудың цифрлық модельдері көрсетілді.

<https://www.facebook.com/share/p/1S3Za6ccWo/>

2025 жылғы 28 мамыр күні «PROF START» оқу лагерінің үшінші күні сәтті өтті. Оқушылар **«Архитектура в деталях»** тақырыбында «Архитектура» мамандығымен танысты. Бұл күн қатысушылар үшін мазмұнға толы, мотивация мен тәжірибе алмасуға бай болды.

Қатысушылар өз қабілеттерін шыңдап қана қоймай, болашақ мамандықтарын таңдауға бағыт-бағдар алды.

<https://www.facebook.com/share/v/16jV38cBEX/>

2025 жылғы 29 мамыр күні **PROF START – 4-күн «Радиотехника және байланыс» бөлімінде өтті.** Қатысушылар цифрлық дәуірдің жүрегі – **байланыс саласының** болашағымен жақынырақ танысты. Көпшілігі бұл бағытқа қызығушылық танытып, нақты сұрақтар қойып, мамандардан жауап алды.

<https://www.facebook.com/share/p/1JU1MhTh6M/>

2025 жылғы 30 мамыр күні PROF START – 5-күн «Бағдарламамен қамтамасыз ету» мамандығымен танысу болды. Код жазудың алғашқы қадамдары, Python, Scratch және Web негіздері, Робототехника элементтері, Логикалық ойындар мен алгоритмдік тапсырмалар болды.

<https://www.facebook.com/share/v/1BzerWgYD8/>

2025 жылғы 2 маусым күні PROF START – 6-күн оқушылар «Ақпараттық желілер» мамандығының қыр-сырларымен танысты. Олар интернеттің, Wi-Fi-дың және деректердің қалай қозғалатынын өз көздерімен көріп, алғаш рет өз желісін "құрып" көрді.

<https://www.facebook.com/share/v/19CNZbFw2k/>

2025 жылғы 3 маусым күні PROF START – 7-күн оқушылар «Желілік және жүйелік әкімшелеуді» мамандығымен танысу күні. Компьютерлік желілер қалай жұмыс істейтінін түсінді. IP-мекенжай, DNS, DHCP сияқты маңызды ұғымдармен танысты, Linux және Windows жүйесінде жүйелік әкімшелеудің алғашқы қадамдарын жасады, Желі құралдарымен (ping, ipconfig, tracert) жұмыс жасап көрді, Қарапайым firewall арқылы қауіпсіздік орнатуды үйренді.

<https://www.facebook.com/share/v/1Dda6auV9k/>

2025 жылғы 4 маусым күні PROF START – 8-күн оқушылар Энергетика әлемінде. Оқушылар энергия қайдан келеді, қалай өндіріледі және заманауи технологиялар бұл процесті қалай өзгертетінін білді.

<https://www.facebook.com/share/v/1AjptsgXeV/>

2025 жылғы 5 маусым "PROFSTART" оқу лагері аясындағы 9-шы күн ерекше өтті! Қатысушылар **"Электротехника және жылу энергетикасы"** мамандығымен жақын танысып, болашақ энергетиктер мен электр инженерлерінің қызықты әлеміне қадам басты.

<https://www.facebook.com/share/v/1EpHMBQfuL/>

"PROFSTART" он күндік оқу лагері өз мәресіне жетті! Бұл ерекше жоба жасөспірімдерге болашақ мамандықтарын саналы таңдауға жол ашып, түрлі техникалық бағыттармен танысуға мүмкіндік берді. ⚙

📅 10 күн ішінде қатысушылар:

- ☐ Әртүрлі мамандықтардың қыр-сырымен танысты
- ☐ Зертханалар мен өндірістік шеберханаларда тәжірибе жинады
- ☐ Шеберлік сағаттарына қатысып, кәсіби мамандармен кездесті

□ Өз қолдарымен шағын жобалар жасап, техникалық ойлау қабілетін дамытты.

<https://www.facebook.com/share/p/1CAoCr4kyr/>

2024-2025 оқу жылдарының Реестрге енгізілетін білім бағдарламалары (образовательный паспорт)

2024-2025 оқу жылына арналған білім беру бағдарламалары индустриалдық кеңестің және әдістемелік кеңестің шешімімен 11 мамандық, 13 біліктілік бойынша қазақ және орыс тілдерінде Талап КЕАҚ ТжКОББ білім беру бағдарламасының тізіліміне енгізілді. Қазіргі таңда 10 біліктілік бойынша эксперттер мақұлдаған, 4 біліктілік ББ бағдарламалары реестрге енген. 3 біліктілік эксперттер тексерілуінде.

№	Мамандық/специальность	Біліктілік / квалификация	Оқыту тілі/язык обучения	Ағымдағы мәртебесі (одобreno экспертам и)	Реестрге енгені/внесено в реестр
1	06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	3W06120101 Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы, 4S06120102 Желілік және жүйелік әкімшілендіру технигі	қазақ	+	+
			орыс	+	+
2	06120200 Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері	4S06120202 Ақпараттық қауіпсіздік технигі	қазақ	+	+
			орыс	+	+
3	06130100- "Бағдарламалық қамтамасыз ету"	3W06130102 Web дизайнер, 4S06130103 - Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы	қазақ	+	-
			орыс	+	+
4	06130100- "Бағдарламалық қамтамасыз ету"	4S06130105- Ақпараттық жүйелер технигі	қазақ	-	
			орыс	-	
5	07110500 -"Мұнай мен газды қайта өңдеу технологиясы"	4S07110502 - Техник - технолог	қазақ	+	
			орыс	+	
6	07130200 - "Электрмен қамтамасыз ету"	4S07130202 Техник - электрик	қазақ	-	
			орыс	-	
7	07130300 - Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары"	3W07130301 Қазандық жабдығы бойынша қараушы-машинисі, 4S07130303 - Техник - электромеханик	қазақ	+	
			орыс	-	
8	07130700 - "Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету жөндеу және пайдалану"	4S07130704 -Техник- электромеханик	қазақ	+	
			орыс	+	
9	07140100- "Технологиялық процестерді автоматтандыру	3W07140101 Бақылау-өлшеу	қазақ	+	

	және басқару"	аспаптары мен автоматикаға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь, 4S07140102 - Техник-электромеханик	орыс	+	
10	07140500 - "Сандық техника "	4S07140504 - Техник-электронщик	қазақ	+	+
			орыс	+	+
11	07140900 - "Радиоэлектроника, электроника және телекоммуникациялар"	3W07140901 Телекоммуникациялық жабдықтар мен байланыс арналарын электромонтаждаушы -реттеуші	қазақ	+	
			орыс	+	
12	07140900 - "Радиоэлектроника, электроника және телекоммуникациялар"	4S07140902 Телекоммуникациялық байланыс жүйелер технигі	қазақ	+	
			орыс	+	
13	07310100-"Архитектура"	4S07310102-Техник-жобалаушы	қазақ	+	
			орыс	+	

Зертханалық-практикалық сабақтарды орындау; өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан өту; аралық және қорытынды аттестаттауды тапсыру; егер жұмыс оқу бағдарламалары мен жоспарында өзгеше көзделмесе, курстық және дипломдық (жазбаша немесе практикалық) жұмысты орындау

Зертханалық-практикалық сабақтарды орындау:

Колледжде оқу сабақтары сабақтар, дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар, зертханалық, бақылау және өзіндік жұмыстар, консультациялар, әңгімелесулер, факультативтік сабақтар, практикалар түрінде өткізіледі.

Колледждегі әр мамандық бойынша жұмыс оқу жоспарларында (бұдан әрі - ЖОЖ) зертханалық-практикалық сабақтар қарастырылған және орындалуда. Зертханалық мен практикалық сабақтардың мазмұны пәндердің /модульдердің үлгілік және жұмыс оқу бағдарламаларында қарастырылған.

Өткізілген зертханалық-практикалық сабақтар туралы мәліметтер техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына арналған теориялық оқытуды есепке алу журналында толтырылады, және оқу бөлімі тарапынан бақылау жүргізіледі.

2023-2024 оқу жылы №385 Үлгілік қағидаларының 13 тармағына сәйкес негізгі орта білім базасындағы топтарды информатика, орыс тілі мен әдебиеті, дене тәрбиесі, шетел тілі пәндері, модульдер бойынша зертханалық жұмыстар мен практикалық сабақтар, сондай-ақ тізбесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес айқындалатын шеберханаларда (зертханаларда) өндірістік оқыту бойынша сабақтар өткізіледі.

Өндірістік оқытудан және кәсіптік практикадан өту

Колледждің барлық білім беру бағдарламалары теориялық оқытумен қатар өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы қамтиды.

Кәсіптік практика мамандығына байланысты оқу-өндірістік зертханалар, практика базалары ретінде бекітілген кәсіпорындарда өндірістік оқыту шеберінің басшылығымен өткізіледі.

Кәсіптік практика оқу-таныстыру, өндірістік оқыту және өндірістік тәжірибе (технологиялық тәжірибе) болып бөлінеді.

Кәсіптік практиканың түрлерімен мазмұны оқу жұмыс бағдарламаларымен және оқу жұмыс жоспарларымен айқындалады, мерзімдері оқу жылының басына 29.08.2023 ж. педагогикалық кеңес шешімімен бекітілген оқу процесінің кестесімен белгіленген.

Дуальды оқыту колледжде 2014 ж. бастап енгізілген. Өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы өткізу мерзімдері мен мазмұны оқу процесінің жоспарымен және жұмыс берушілердің ұсыныс хаты негізінде өндірістік қажеттілігіне байланысты өзгерістерімен айқындалады.

Дуальды оқыту шеңберінде кәсіпорын тәлімгері ретінде өндірістік оқыту шеберлері бекітілген.

Білім беру ұйымдарындағы теориялық оқытуды және кәсіпорын (ұйым) базасында "3-ЭНЕРГОООРТАЛЫК" АҚ, Қазпошта – АҚ «Шымкент-поштамат», «SK GROUP» ЖШС, «ПетроКазахстан Ойл Продактс» ЖШС, «Автоматика Прибор Ремсервис» ЖШС, «Tectum Engineering» ЖШС, «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС, «Потенциал» ЖШС, «Модерн-Проект» ЖШС, «Ай Сервис Транс» ЖШС базаларында алпыс пайыздық өндірістік оқыту, кәсіптік практикадан өту талабын сақтаумен өтеді.

Дуальды оқытумен қамтылған топтар:

- (9 сынып негізінде) I курс бойынша 5 топ, II курс бойынша 9 топ, III курс бойынша 5 топ, IV курс бойынша 4 топ;

Жалпы дуальді жүйе бойынша 23 топ **497** студент қамтылған, 11 мамандық, 13 біліктілік бойынша. Келісім шарт 17 мекемемен түзілген.

Өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту кезеңінде білім алушыға еңбек тәртіптемесінің қағидалары қолданылады.

Өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өтетін студенттерге еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды орындау мақсатымен білім алушылар қауіпсіздік техникасымен таныстырылып, қауіпсіздік техникасының нұсқаулықтарымен таныстыру журналына тіркеледі.

Колледжде дайындалатын 11 мамандық бойынша күндізгі және сырттай оқыту бөлімдердің кәсіби тәжірибелерден өткізу жұмыстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларына» және МЖМС-қа сәйкес дайындалған типтік және оқу жұмыс бағдарламалары негізінде ұйымдастырылған.

«Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығы негізінде мамандықтардың даярланатын біліктілігіне сәйкес практика базаларымен екі жақтама, ал дуальды оқыту шеңберінде үш жақтама келісім шарттар жасалынған.

№ 130 бұйрығы негізінде әр бір оқу тобына өндірістік оқытуды есепке алу журналдары арналып, жұмыс оқу бағдарламаларына, оқу процесінің кестесіне сәйкес толтырылады. Барлық мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарындағы оқу практикалары колледж базасында, ал қалған практика түрлері келісім шарт негізіндегі кәсіпорын базаларында өтеді. Оқу-өндірістік бөлім білім алушылардың практикадан өтуін жетілдіру және қорытындысын шығару үшін жергілікті жерлердегі оқу іс-тәжірибе базаларынан және кәсіпорындардан тәлімгерлерімен тығыз жұмыс жүргізуде.

Әлеуметтік серіктестер колледжде білім алушылардың практикаларын ұйымдастыруға қатысады, қажетті өндірістік жағдайларды жасайды. Сонымен қатар маусым айында өткізілетін әдістемелік бірлестік отырыстарында жұмыс оқу бағдарламаларын құрастыруда мамандықтар бойынша әлеуметтік серіктестер мен жұмыс берушілердің пікір-ұсыныстары ескеріледі.

Осы жұмыстарды үйлестіру үшін колледжде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 15.01.2021 жылғы № 6-13-4/131-И хаты негізінде «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында индустриялық кеңестің қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 566 бұйрығын жүзеге асыру мақсатында индустриалды кеңес құрылған.

Индустриалды кеңес қызметінің негізгі мақсаты колледжде іске асырылатын білім беру бағдарламаларының өзектілігі, сапасы мен стратегиялық қажеттілігіне қатысты консультация мен ұсынымдар беру, білім беру ұйымының 1 қыркүйек 2021 жылдан бастап академиялық дербестікке көшетінін ескере отырып, индустриалды кеңестің мүшелері бұйрықпен бекітілген.

Осы жұмыстарды үйлестіру үшін колледжде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 15.01.2021 жылғы № 6-13-4/131-И хаты негізінде «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында индустриялық кеңестің қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 566 бұйрығын жүзеге асыру мақсатында индустриалды кеңес құрылған.

Индустриалды кеңес қызметінің негізгі мақсаты колледжде іске асырылатын білім беру бағдарламаларының өзектілігі, сапасы мен стратегиялық қажеттілігіне қатысты консультация мен ұсынымдар беру, білім беру ұйымының 1 қыркүйек 2021 жылдан бастап академиялық дербестікке көшетінін ескере отырып, индустриалды кеңестің мүшелері бұйрықпен бекітілген.

Колледждің кәсіптік тәжірибесінің жетекшілері - арнайы пәндер оқытушылары және өндірістік оқыту шеберлері болып табылады.

Күндізгі бөлім студенттері танысу, оқу, технологиялық, өндірістік, диплом алдындағы іс-тәжірибеден және тәжірибе жинақтаудан өтеді. Іс – тәжірибе қорытындысы бойынша студенттердің жинақтаған материалдарын және іс – тәжірибе қорытындыларын қорғау бойынша конференциялар тәжірибеден кәсіпорындардан келетін мамандардың шақыруымен ұйымдастырылады. Қорытынды конференциялар практикадан өту нәтижелерін көрсетеді.

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары әзірлеген
Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, кәсіптік стандартының
(бар болса), WorldSkills (WorldSkills) кәсіптік стандарттарының (бар болса)
талаптарының негізінде жұмыс берушілердің қатысумен әзірлеген білім беру
бағдарламаларының болуы**

Колледжде 2024-2025 оқу жылдары бірінші курстар үшін академиялық дербестікті енгізу №130, №348 МЖМББС-на сәйкес жүзеге асырылды. Білім беру бағдарламаларын WorldSkills кәсіптік стандарттар талаптарының негізінде және жұмыс берушілердің қатысуымен әзірленді. Білім беру бағдарламасында: паспорт, оқу жұмыс жоспары және оқу жұмыс бағдарламалары қарастырылған. Колледждің білім беру бағдарламалар «Talar» КЕАҚ сайтында белгілінген тәртіппен тіркелген.

WorldSkills (WorldSkills)

ВСК нәтижесі туралы мәлімет (2020-2025 жылдар бойынша)

Бүгінгі күні қоғам қажеттілігі Қоғамның және экономиканың индустриялық – инновациялық даму сұраныстарына сәйкес техникалық және кәсіптік білім жүйесін жаңғырту, әлемдік білім беру кеңістігіне кіру және мамандарды даярлау, әрі ол мамандарымыз бәсекеге қабілетті, қазіргі өндіріске бейімделе алатын тұлға болу мақсатында құзыреттілік бойынша жан-жақты дайындыққа қажетті заманауи құрылғылар мен

жабдықтар алынды. Сонымен қатар, жұмысшы мамандықтарының дәрежесін арттыру және дәріптеу мақсатында «**WorldSkills Kazakhstan**» чемпионаттары өткізілуде.

«**WorldSkills Shymkent-2020**» ұлттық чемпионатының аймақтық кезеңіне 10 құзыреттілік бойынша 21 үміткер қатысты. Атап айтқанда, қатысушылар графикалық дизайн, веб-дизайн және әзірлеу, өндірістік автоматика, бизнес үшін ІТ шешімдер, ұялы робототехника, желілік және әкімшілік басқару, электромонтаж ісі, ақпараттық кабельдік желілер және тағы басқа салалар бойынша сайысқа түсті. Жарыстың нәтижесі бойынша 5 құзыреттілік бойынша 5 білім алушылар 1-ші жүлделі орындарға, 5 білім алушы 2-ші орындарға, 5 білім алушылар 3-ші жүлделі орындарға ие болды. Барлық жүлделі орындар сертификаттармен марапатталды.

«**WorldSkills Shymkent-2021**» ұлттық чемпионатының Республикалық кезеңіне үміткерлердің ішінен үздік болып, 5 құзыреттілік бойынша 5 үміткер қатысты. Оның ішінде 2 үміткер Нұр-сұлтан қаласына, 2 үміткер Алматы қаласына және 1 үміткер Атырау қаласына сайысқа қатысуға барды.

VI Республикалық кәсіби шеберлік чемпионатында «Ақпараттық кабельдік желілер» құзыреттілігі бойынша сайысқа қатысып, Ульжебаев Сакен жүлделі ІІ орын, бизнес үшін ІТ шешімдер бойынша сайысқа қатысқан Шепелев Константин медальон алды.

2022 жыл. Республикалық «**WorldSkills Kazakhstan -2022**» кәсіби шеберлік чемпионатына "Ақпараттық кабельдік жүйелер" құзыреттілігі бойынша Усербаев Арман медальонмен марапатталды (жетекші: Матиев Ж.Д.).

2022 жыл. «**WORLDSKILLS SHYMKENT-2022**» аймақтық кәсіптік – шеберлік чемпионатында «Графикалық дизайн» құзыреттілігі бойынша 192 тобының студенті Бочкарев Илья І орынды иеленіп, Астана қаласында өтетін чемпионатқа Жолдама алды (жетекші: Шойымбаева А.А.).

2022 жыл. «**Worldskills Shymkent-2022**» VI Республикалық кәсіби шеберлік чемпионатында, "Бизнес үшін бағдарламалық шешімдер" құзыреттілігі бойынша Умаров Сагди ІІІ орынмен марапатталды (жетекші: Орынбасарова Т.Е.).

2022 жыл. «**WorldSkills Shymkent – 2022**» аймақтық чемпионатында "Ақпараттық кабельдік жүйелер" құзыреттілігі бойынша жоғары кәсіби шеберлігімен үздік нәтиже көрсеткені үшін І курс студенті Усербаев Асыл ІІІ дәрежелі Дипломмен марапатталды (жетекші: Ақболатова Г.М.).

2022 жыл. «**WorldSkills Shymkent – 2022**» аймақтық чемпионатында "Электроника" құзыреттілігі бойынша жоғары кәсіби шеберлігімен үздік нәтиже көрсеткені үшін ІІ курс студенті Талқанбай Дулат І дәрежелі Дипломмен марапатталды (жетекші: Ешетова Н.С.).

2022 жыл. «**WorldSkills Shymkent – 2022**» аймақтық чемпионатында "Өндірістік автоматика" құзыреттілігі бойынша жоғары кәсіби шеберлігімен үздік нәтиже көрсеткені үшін 211 топ студенті Н.Манақ І дәрежелі Дипломмен марапатталды (жетекші: Киізбай Ә.Қ.).

2022 жыл. «**WorldSkills Shymkent – 2022**» аймақтық чемпионатында "Өндірістік автоматика" құзыреттілігі бойынша жоғары кәсіби шеберлігімен үздік нәтиже көрсеткені үшін 211 топ студенті Б.Сманбеков ІІІ дәрежелі Дипломмен марапатталды (жетекші: Алпейс А.П.).

2022 жыл. «**Worldskills Shymkent-2022**» аймақтық кәсіби шеберлік чемпионатында, «Интернет вещей» құзыреттілігі бойынша колледждің арнайы пән оқытушылары Н.Жайлауов, Д.Досымбекова бас сарапшы ретінде қатысып, Сертификатпен марапатталды.

2022 жыл. «**Worldskills Shymkent-2022**» қалалық кәсіби шеберлік чемпионатында «Веб-дизайн және әзірлеу» құзыреттілігі бойынша Жетписбаев Чингизхан I орынды иеленді (жетекші: Маликова Б.А.).

2022 жыл. Арнайы пән оқытушысы Шойымбаева А.А. «**WORLDSKILLS SHYMKENT-2022**» аймақтық кәсіптік–шеберлік чемпионатында «Графикалық дизайн» құзыреттілігі бойынша кәсіби шебер студенттерді даярлауда жоғарғы жетістіктерін көрсеткені үшін Алғыс хатпен марапатталды.

2022 жыл. «**Worldskills Shymkent-2022**» VI Республикалық кәсіби шеберлік чемпионатында "Бизнес үшін бағдарламалық шешімдер" құзыреттілігі бойынша колледж оқытушысы Т.Е.Орынбасарова сарапшы-компатриот ретінде қатысып, Сертификатпен марапатталды.

2022 жыл. «**WORLDSKILLS SHYMKENT – 2022**» аймақтық чемпионатында «Web-дизайн және бағдарламалау» құзыреттілігі бойынша үздік нәтиже көрсетіп, I орынды 192 топ студенті Жетписбаев Чингиз иеленді.

2022 жыл. Арнайы пән оқытушы Шакирова Айтолқын «**WORLDSKILLS SHYMKENT-2022**» аймақтық кәсіптік – шеберлік чемпионатында «Графикалық дизайн» құзыреттілігі бойынша Сертификат алды.

2023 жыл, қараша. «WorldSkills Shymkent - 2023» кәсіби шеберлік аймақтық чемпионатына 16 білім алушы қатысып, жүлделі орындарға ие болып, оның ішінде 9 білім алушы I орын иеленген: «Web-технологиялар» құзыреттілігі бойынша Жетписбаев Чингизхан, «Бизнес үшін IT шешімдер» құзыреттілігі бойынша Абдукарим Акрамжан, «Графикалық дизайн» құзыреттілігі бойынша Бочкарев Илья, «Интернет заттары» құзыреттілігі бойынша Еркінұлы Еркеәбу, «Электроника» құзыреттілігі бойынша Алпыс Ақжол, «Электромонтажды жұмыс» құзыреттілігі бойынша Мусырманов Закир, «Желілік және жүйелік әкімшелеуді» құзыреттілігі бойынша Кемпірбай Бақдәулет, «Ақпараттық кабелдік желілер» құзыреттілігі бойынша Байнеев Аян, «Өндірістік автоматика» құзыреттілігі бойынша Легкодымов Никита I орын иеленіп, Астана қаласындағы Республикалық «WorldSkills Kazakhstan -2023» кәсіби шеберлік чемпионатына Жолдама алды.

“WorldSkills Kazakhstan-2023” VIII РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ. Астана қаласында 23-25 қараша күндері аралығында ЕХРО халықаралық көрме орталығында өткен Республикалық “WorldSkills Kazakhstan-2023” чемпионатында Шымкент қаласы жастары командалық есепте 5 алтын, 2 қола, 11 медальон еншілеп, жүлделі 3 орын иегері атанды. Политехникалық колледж студенттері 1 АЛТЫН, 2 ерекше медальонға ие болды.

I орын иегері:

□”Ақпараттық кабельдік желі” құзыреттілігі бойынша Политехникалық колледжінің студенті Байнеев Аян Алиұлы, жетекшісі – Матиев Жарас Дәуленұлы.

Медальон, «Электроника» құзыреттілігі Алпыс Ақжол Аманжолұлы, жетекшісі – Досжанов Есімхан Нурланович;

Медальон, «Бизнес үшін IT шешімдер» құзыреттілігі бойынша Абдукаримов Акрамжан Анварбекович, жетекшісі – Досболов Бауыржан Болатханұлы.

Осы чемпионат барысында жасаған жұмыстарыңызға мың алғыс. Қаламызға, оқу орнымызға абыроймен оралғанымыз тікелей сіздердің еңбектеріңіз.

«WorldSkills Shymkent - 2024» кәсіби шеберлік аймақтық чемпионат Шымкент қаласының білім басқармасына қарасты техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары және

кәсіпорындармен бірлесе отырып, ағымдағы жылдың 23-27 қыркүйек күндері аралығында өтті. Чемпионат нәтижесінің қорытындысына сәйкес, Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК 8 құзыреттілік бойынша қатысып, 7 құзыреттілік бойынша 1 орын иеленіп, Астана қаласында өтетін «WorldSkillsKazakhstan - 2024» кәсіби чемпионатына жолдама алды. Қатысушыларға және жетекші сарапшыларға сәттілік, жеңіс тілейміз!

“WorldSkills Kazakhstan-2024” IX ұлттық чемпионатында Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК қатысушылары керемет нәтиже көрсетіп, өз шеберліктерін дәлелдеді. Апта бойына созылған айтулы іс-шараның жабылу рәсімі салтанатты түрде ұйымдастырылды.

Колледжден 7 құзыреттілік бойынша қатысып, келесідей орындарға ие болды:

□□Ақпараттық кабельдік желілер - медальон!

□□Өндірістік автоматика-медальон!

□□Желі және желілік әкімшілендіру - медальон!

□□Инженерлік графика CAD - медальон!

□□Бизнес үшін IT шешім 2 орын, күміс жүлде!

Бұл жетістік еңбекқорлықтың, табандылықтың және кәсіби шеберліктің нәтижесі.

Құттықтаймыз!!!□□□

«WorldSkills Shymkent - 2025» кәсіби шеберлік аймақтық чемпионат Шымкент қаласының білім басқармасына қарасты техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары және кәсіпорындармен бірлесе отырып, ағымдағы жылдың 13-16 мамыр күндері аралығында өтті. Чемпионат нәтижесінің қорытындысына сәйкес, Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК 10 құзыреттілік бойынша қатысып 9 құзыреттілік бойынша 1 орын иеленіп, Астана қаласында өтетін «WorldSkillsKazakhstan - 2025» кәсіби чемпионатына жолдама алды. Қатысушыларға және жетекші сарапшыларға сәттілік, жеңіс тілейміз!

«WorldSkills Shymkent – 2025» қалалық чемпионатында орын алған жүлдегерлер тізімі

№	Студенттердің аты-жөні	Құзыреттілік (мамандық)	Сарапшы - компатриоттың (жетекші) аты-жөні	Орын
1	Жұмабек Ескендір	1С платформасында бизнес процестерді автоматтандыру	Ағатаева Меруерт	1
2	Сапарбек Арсен Арманұлы	Web технология	Тажмуратова Гульнара Утегеновна	1
3	Әлжан Алан Диарұлы	Ақпараттық кабельдік желілер	Ақболатова Гүлнара Мұхтарқызы	1
4	Мұратбек Ерасыл Нұрланұлы	Бизнес үшін IT шешімдер	Орынбасарова Толкынай Есенхалиқызы	1
5	Әден Әділ Алмасұлы	Желілік және жүйелік әкімшілендіру	Налибаев Мұхтар Сансызбаевич	1
6	Турсункулов Дастан	Инженерлік графика	Бейсенәлі Ақтолқын	1

	Русланович	CAD	Қажығалиқызы	
7	Насрадин Ғалымжан Улықбекұлы	Өндірістік автоматика	Шерипбеков Бекжан Мухтарович	1
8	Дүйсен Бексұлтан Саидұлы	Электромонтаждық жұмыстар	Нысамбекова Айжан Қанатқызы	1
9	Аяпбергенов Ерсұлтан Еркабылұлы	Электроника	Бейімбет Гүлмира Шымкентбайқызы	1
1	Якия Сағыныш Нұрланұлы	Графикалық дизайн	Абдикадырова Жадыра Рустемовна	2
2	Мухамедова Мадина Данияровна	1С платформасында бизнес процестерді автоматтандыру	Семей Аяулым Нұрболқызы	2
3	Гончарова Кристина Игоревна	Web технология	Әбдіқадырова Назерке Рустемқызы	2
4	Миятбеков Санжар Мейрбекұлы	Желілік және жүйелік әкімшілендіру	Идия Айжан Дәулеткалиқызы	2
5	Исмадияр Әділет Шадиарұлы	Электроника	Сыздыкова Дина-Араб Алайдаровна	2
1	Нурметов Файзулла Суратович	Өндірістік автоматика	Орынбасар Мақпал Сапарбайқызы	3
2	Гребенюков Леонид Алексеевич	1С платформасында бизнес процестерді автоматтандыру	Сейтжан Әсел Қанатқызы	3
3	Иманбай Мухтархан Аскаргалиұлы	1С платформасында бизнес процестерді автоматтандыру	Ғалымжанова Сәуле Ғалымжанқызы	3
4	Азимбаев Сардорбек Давлатбекович	Ақпараттық кабельдік желілер	Мусаева Мухаббат Пазыловна	3

Оқу бөлімінің есебі

Мамандықтар бойынша әзірленген оқу жұмыс бағдарламаларының болуы

Оқу жұмыс бағдарламасы нақты оқу пәні/модульдері немесе кәсіптік практикасы бойынша білім алушылардың мазмұны мен дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды іске асыруға арналған.

Біліктілікке бағдарланған пәндер немесе модульдер бойынша жұмыс оқу бағдарламалары техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және оқу жоспарлары моделінің құрылымына және кәсіптік стандарттарда белгіленген біліктілік деңгейлері бойынша білімге, дағдылар мен құзыреттерге қойылатын талаптарға сәйкес әзірленеді

Жұмыс оқу бағдарламалары педагогтердің студенттерге оқу сабақтарын өткізуін ұйымдастыру үшін негізгі жоспарлаушы құжаттар болып табылады.

Барлық мамандықтар бойынша жұмыс оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің келесі бұйрықтарына сәйкес әзірленді:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрық;

- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары

педагогтерінің жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрық.

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрық.

Колледж әлеуметтік және кәсіби құзыреттерге қойылатын кәсіби және ғылыми талаптарға сәйкес әзірленген білім беру бағдарламалары негізінде сапалы білім беру қызметтерін ұсынады.

2024 – 2025 оқу жылында 8 мамандық 10 біліктілік бойынша Worldskills стандартының талаптары бойынша, 11 мамандық 13 біліктілік бойынша техникалық және кәсіптік, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, кәсіптік стандарттар талаптары негізінде әзірленгені анықталды. <http://reestr24.talap.edu.kz/login>

2024-2025 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларында жалпы білім беретін пәндердің тізбесі мен көлемі техникалық-технологиялық, бағыт бойынша МЖБС (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) және Жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бұйрығы) сәйкес жасалынды

2024-2025 оқу жылында теориялық оқуды есепке алу журналы 82 топқа арналып, оқу сағаттарын орындау бойынша есепке алу табелі ҚР Білім және ғылым министрінің 2020жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығының 7-қосымшасы педагог жұмысының әрбір айға арналған оқу уақытын есепке алу ведомосі және педагогтің бір жылдағы оқу уақытын есепке алу ведомосы (сағатпен және (немесе) кредитпен) арқылы жүзеге асырылады

Мамандықтар бойынша әзірленген оқу жұмыс жоспарларының болуы

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының (бұдан әрі – ТжКОБ) құзыретіне заңнамалық деңгейде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 3 мамырдағы № 118-VII ҚРЗ Заңына сәйкес академиялық дербестік бекітілген (бұдан әрі – Заң).

Заңның 5-бабының 6-тармағына сәйкес ТжКОБ үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын (жалпы білім беретін пәндер циклінен немесе модулінен басқа) әзірлеу және бекіту білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыретінен алынып тасталды.

Заңның 43-бабының 2-5-тармағына сәйкес Политехникалық колледж білім беру бағдарламаларын әзірледі және бекітті. Колледждер жұмыс берушілермен бірлесіп Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2023 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығының «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының», кәсіптік стандарттардың, сонымен қатар WorldSkills кәсіптік стандарттардың талаптары негізінде білім беру бағдарламаларын әзірледі.

Мамандықтар	9 сыныпты бітіргендер	11 сыныпты бітіргендер
06120100 –«Есептеу техникасы және ақпараттық желілер»	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
4S06120102 Желілік және жүйелік әкімшілендіру технигі		
06120200 –«Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері»	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
4S06120202 Ақпараттық қауіпсіздік технигі		
06130100 – «Бағдарламалық қамтамасыз ету» (түрлері бойынша)	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
4S06130103 Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
4S06130105 Ақпараттық жүйелер технигі		

07110500—«Мұнай мен газды қайта өңдеу технологиясы» 4S07110502 Техник-технолог	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
07130200 – «Электрмен қамтамасыз ету» 4S07130202 Техник-электрик	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
07130300— «Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары» 4S07130303 Техник-жылуэнергетигі	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
07130700— «Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» 4S07130704 Техник-электромеханик	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
07140100— «Технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару» 4S07140102 Техник-электромеханик	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
07140500 —«Сандық техника» 4S07140504 Техник-электронщик	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
07140900—«Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» 3W07140901 Телекоммуникациялық жабдықтар мен байланыс арналарын электромонтаждаушы-реттеуші 4S07140902 Телекоммуникациялық байланыс жүйелер техникі	2 жыл 10 ай 3 жыл 10 ай	1 жыл 10 ай 2 жыл 10 ай
07310100—«Архитектура» 4S07310102 Техник – жобалаушы	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай

Есепке алудың бірыңғай ақпараттық жүйесін қалыптастыру және ТжКОБ білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру үшін білім беру бағдарламаларының тізілімі (бұдан әрі – ББ Тізілімі) құрылды. ТжКОБ білім беру бағдарламаларының тізбесі ББ Тізілімінде қамтылған.

ББ Тізілімінде орналастырылған ББ паспорттарына қолжетімділік жалпыға бірдей болып табылады және «Talar» КЕАҚ сайтында Интернет желісі арқылы тегін негізде жүзеге асырылады: kasipkor.kz (қосымша – «Білім мазмұны – ТжКБ ББ Тізілімі»).

Қазіргі уақытта Тізілімде «Тізілімге енгізу туралы сараптамалық топтардың оң қорытындысын» алған Политехникалық колледждің білім беру бағдарламасының ББ паспорттары екі тілде орналастырылған.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының Тізілімін қалыптастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар «Talar» КЕАҚ сайтында орналастырылған: kasipkor.kz (қосымша – «Білім беру мазмұны» - «ББ Тізілімі» - «Әдістемелік ұсынымдар»).

Орта білімнен кейінгі білім берудің оқу жоспарының моделі бойынша оқу процесін ұйымдастыру және іске асыру

Техникалық және кәсіптік білім базасында орта буын біліктілігін игеру үшін 60 кредит (мәндес біліктілік бойынша);

Политехникалық колледжі оқу процесінде 100 балдық бағалау жүйесі қолданылады. Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық–рейтингтік әріптік жүйесі - халықаралық практикада қабылданған сандық эквивалентті әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін оқу жетістіктерінің деңгейін балмен бағалау жүйесі.

Балдық-рейтингтік әріптік жүйені қолдану кезінде білім алушылардың оқу жетістіктері (білім, білік, дағды және құзыреттілік) 4 балдық шкала бойынша тиісті цифрлық эквиваленті бар халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйеге (оң бағалар, кемуіне қарай, «А» - дан «D»-ға дейін, «қанағаттанарлықсыз» - «F») сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша бағаланады.

**Төрт балдық жүйе бойынша
цифрлық баламаға сәйкес келетін білім алушылардың
оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесі**

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

Оқу бағдарламалары мен жоспарлары негізінде оқу қызметін жоспарлау және ұйымдастыру

Оқу процесін ұйымдастыруда колледж техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар жинақтарын басшылыққа алады.

Жұмыс оқу жоспарлары негізінде колледж директорымен бекітілген оқу процесінің кестесі жасалды.

Оқу процесінің кестесі теориялық оқытудың, емтихандық сессиялардың, өндірістік және оқу практикасының жалпы ұзақтығын, қорытынды мемлекеттік аттестацияны өткізу уақытын анықтайды.

Жұмыс оқу бағдарламалары жұмыс оқу жоспарларына негізделеді.

Колледжде оқытушылардың жұмысын жоспарлау, педагогикалық жүктемесі жыл сайын оқу жылының басында түзіледі. Мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарлары, оқу топтарының саны негізге алынады.

Педагогикалық жүктемелер оқытушылардың негізгі білімі мен жұмыс тәжірибесін ескере отырып, мамандықтар мен курстар бойынша жұмыс оқу жоспарлары негізінде құрастырылған оқу сағаттары санының жиынтық парағы негізінде бөлінеді.

Әр оқытушының педжүктемесі орта есеппен 1080 сағатты құрайды. Штаттық режимдегі 155 оқытушының педжүктемесіндегі сағаттары 720 сағаттан және одан жоғары сағатты құрайды. Барлық оқытушылар жоғары білімді.

Оқу процесі колледждің білім беру бағдарламаларының орындалуын анықтайтын қажетті оқу-әдістемелік құжаттамамен толық қамтамасыз етілген. Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептегі құжаттардың нысанын бекіту туралы ҚР БжҒМ-ң 2020 жылғы тамыздағы №130 бұйрығын басшылыққа ала отырып, оқу журналдары жүргізіледі. Оқу сабақтарының кестесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығының талаптарына сәйкес құрастырылған.(4.3-қосымша).«Орта кәсіптік оқу орындарындағы оқу сабақтарының кестесі туралы» №36 қосымшасында көрсетілген.(4.4-қосымша журнал)

Семестрлер бойынша оқу, практикалық сабақтар кестесінің орындалуын бақылауды

директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушілері, оқу бөлімінің меңгерушісі жүзеге асырады.

Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептегі құжаттардың нысанын бекіту туралы ҚР БЖҒМ-ң 2020 жылғы тамыздағы №130 бұйрығын басшылыққа ала отырып, оқу топтарына оқу журналдары арналды.

Аралық және қорытынды бақылау, консультациялар, сынақтар мен емтихандар кестесі оқу процесінің кестесіне сәйкес сессияға екі апта қалғанда құрылады және бекітіледі. (4.5-қосымша)

Шымкент қаласы білім басқармасы политехникалық колледжінде жұмыс оқу жоспарларының мазмұны жалпы білім беру пәндері және модульдер түрінде берілген. Жұмыс оқу жоспарлары тиісті білім деңгейіндегі білім алушылардың оқу пәндерінің, практикаларының, оқу қызметінің басқа да түрлерінің тізбесін, реттілігін, оқу көлемдерін және бақылау нысандарын реттейді.

Оқу процесінің кестесі академиялық кезеңдерден, аралық аттестаттау кезеңдерінен, демалыстардан, кәсіптік практикадан және өндірістік оқытудан тұрады. Бітіруші курста оқу жылына қорытынды аттестаттау кезеңі енгізілді.

Оқытудың кредиттік-технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жылына арналған бекітілген оқу-тәрбие процесінің графигі мен теориялық және практикалық сабақтардың кестесі негізінде жүзеге асырылады.

Оқыту ұзақтығы білім беру бағдарламаларының күрделілігіне және берілген біліктілік деңгейіне байланысты. Колледжде оқу процесі күндізгі бөлімде жүзеге асырылады, оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде.

Негізгі орта білім беру базасында күндізгі оқу нысаны бойынша оқу жоспарын меңгеру мерзімі 3 жыл 10 ай; жалпы орта білім негізінде – 2 жыл 10 ай.

Оқытуды және бағдарламаларды жоспарлау оқу пәндерінің жалпы тізбесі мен көлемін, оларды оқу тәртібін және кәсіптер мен мамандықтарға қатысты бақылау нысандарын, біліктілікті, оқу мерзімін белгілейтін мамандықтар бойынша үлгілік оқу жоспары негізінде жүзеге асырылады.

Мамандықтар бойынша білім беру оқу жоспарларының мазмұны мен көлемі үлгілік оқу жоспарларымен белгіленеді.

Мамандықтың жұмыс оқу жоспары мамандықтың үлгілік оқу жоспарлары негізінде оқу жылына әзірленеді және педагогикалық кеңестің шешімі негізінде колледж директорымен бекітіледі.

Жұмыс оқу жоспары оқу сабақтарын жоспарлау және оқытушылардың оқу жұмысының еңбек сыйымдылығын есептеу үшін негіз болады.

Жұмыс оқу жоспарларының негізінде мыналар құрастырылды:

- Теориялық дайындықты, практиканы, аралық және қорытынды аттестацияны, демалыстарды қоса алғанда, мамандарды даярлау бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыру реттілігін көрсететін күнтізбелік оқу графигі;
- сабақ кестесі;
- Оқытушылардың педагогикалық жұмысының еңбек сыйымдылығын есептеу;
- Колледждегі оқу топтар бойынша сағаттарын есептеу.

Оқу процесін оңтайландыру мақсатында жұмыс оқу жоспарын қалыптастыру кезінде пәнаралық және курстық қарым-қатынастық байланыстар ескерілді. Бұл тәсіл колледжге қолда бар ақпараттық-кітапханалық ресурстарды, оқу және зертханалық құралдарды барынша пайдалануға мүмкіндік береді.

Колледжде тек күндізгі және сырттай оқу түрі бар, күндізгі және сырттай оқу нысаны бойынша жұмыс оқу бағдарламалары әзірленді.

Жұмыс оқу жоспарлары оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оқуды ұйымдастырудың

жүйелілігін, қарқындылығын және негізгі нысандарын, білім алушылардың білімі мен дағдыларын бақылауды анықтайды. Жұмыс оқу жоспарының кәсіптік практика бөлімінде кәсіптік тәжірибенің барлық түрлері көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 5-қосымшасына Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі күндізгі оқыту нысанында міндетті оқу жүктемесін – аптасына кемінде 36 сағат, сондай-ақ факультативтік сабақ пен консультацияны қоса алғанда 54 сағаттан аспайды.

Білім алушының оқу жүктемесінің көлемі әрбір пән және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша меңгеретін оқыту нәтижелері бойынша кредитпен/сағатпен өлшенеді. 1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең.

Міндетті оқу уақытының көлемі жылына 60 кредит/ 1440 сағатты құрайды. ТжКБ білім беру бағдарламалары міндетті пәндермен және модульдермен қатар, ТжКБ ұйымдары анықтайтын пәндерді және модульдерді, факультативтік сабақтар мен консультацияларды қамтиды. Факультативтік пәндер және модульдер бір оқу аптасына 4 сағаттан артық емес көлемде жоспарланады.

Жұмыс оқу жоспары циклдерге біріктірілген оқу пәндері мен білім алушылардың оқу жұмысының түрлерінің толық тізімін қамтиды:

- жалпы білім беретін пәндер (ЖБП);
- жалпы кәсіптік пәндер (ЖКП);
- жалпы гуманитарлық пәндер (ЖГП);
- арнайы пәндер (АП);
- кәсіптік пәндер (КП);
- аралық аттестаттау (АА);
- қорытынды аттестаттау (ҚА);
- емтихандар (Е);
- кеңес беру (К);
- факультативті оқу (Ф);

Білім алушылардың білім деңгейі, іскерлігі және дағдылары аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша ЖОЖ және жұмыс оқу бағдарламаларында көрсетілген. Аралық аттестаттау теориялық және практикалық пәндер циклы бойынша колледжде түрлі формаларда өтіледі: тестілеу, ауызша емтихан өткізу, бақылау жұмысы, практикалық жұмыс. Аралық аттестаттаудан өту үшін білімалушы пән бойынша қажетті құзіреттілік деңгейді көрсетуі тиіс. Оқытудың бүкіл циклы нәтижесі бойынша білімалушы қорытынды аттестаттау барысында тексерілетін және оқу жоспарында белгіленген барлық құзіреттіліктерге ие болуы тиіс. Пәндер бойынша білім алу нәтижелері туралы ақпарат әкімшілікке орталықтандырыла түзіліп ұсынылады. Олар зерделеніп талдаудан өткен соң ПБК және басшылық деңгейінде шешім қабылданады (немесе қабылданбайды). Жалпы алғанда, колледжде оқытудың нәтижелілігі қанағаттанарлық дәрежеде болып, колледж әкімшілігі және жұмыс берушілердің күткен нәтижелеріне сәйкес келеді. Бағалаудың объективтілігін көтеру мақсатында аралық бақылаудан өту барысында әкімшілік тарапынан емтихандарды бақылау ретінде тестілеуді компьютерлерді пайдаланумен қабылдайды.

Оқу жоспарымен қамтылған пәндер бақылаудың аяқтау формасына ие. Сынақтар, емтихандар – аралық аттестаттауға бөлінген уақыт ішінде жүргізіледі.

Жалпы білім беретін пәндердің тізбесі мен көлемін көздейтін, бейіндік оқытуды ескере отырып, білім беру мазмұнының кәсіптік бағдарын жүзеге асыру.

Шымкент қаласы білім басқармасының политехникалық колледжіндегі жалпы білім беретін пәндердің тізбесі мен көлемі келесі бағыттар бойынша мамандық бейінін ескере отырып анықталады.

Жалпы білім беру пәндердің тізбесі мен көлемі жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша мамандық бейінін ескере отырып, МЖМБС-ға сәйкес айқындалады. Мамандықтың бейініне қарамастан міндетті жалпы білім беру пәндерге: «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін топтар үшін), «Орыс тілі» және «Орыс әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» (оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтар үшін), «Шетел тілі», «Математика», «Информатика», «Қазақстан тарихы», «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» жатады. Жұмыс оқу жоспарында мамандығының бейініне байланысты «Физика», «География», «Дүниежүзі тарихы», «Биология» төрт пән таңдалды.

ҚР «Білім туралы» Заңында «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы» ұғымы және оны бекіту алынып тасталды.

ТЖКБ білім беру бағдарламалары теориялық және өндірістік оқыту бағдарламаларынан және кәсіптік практикадан тұрады.

Топты кіші топтарға бөлу талаптарын сақтау.

Шымкент қаласы білім басқармасының политехникалық колледжінде оқу сабақтары лекциялар, семинарлар, практикалық сабақтар, зертханалық, бақылау және өзіндік жұмыстар, консультациялар, әңгімелер, сабақтан тыс жұмыстар, курстық және дипломдық жобалар және іс-тәжірибелер түрінде өткізіледі. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 11 қыркүйектегі №369 бұйрығы. Әділет министрлігінде тіркелді. Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 18 қазандағы №8828.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы оқу топтары күндізгі оқу нысанында 25 адамнан аспайтын мамандықтар бойынша жүргізіледі. Мамандығына немесе мамандық бейінінің ерекшеліктеріне сүйене отырып, колледж білім алушылармен жеке сабақтар өткізеді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамыздағы бұйрығына сәйкес жалпы білім беретін пәндер бойынша сабақтар (қазақ тілі мен әдебиеті – оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін топтарда, орыс тілі мен әдебиеті – оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін топтарда, шет тілі, информатика, дене шынықтыру), жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша зертханалық жұмыстар мен практикалық сабақтар, сондай-ақ тізбесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес айқындалатын шеберханаларда (зертханаларда, білім беру ұйымдарында, оқу полигондарында және оқу шаруашылықтарында) өндірістік оқыту бойынша сабақтар өткізу кезінде оқу топтары саны 15 адамнан аспайтын кіші топтарға бөлінеді.

Қашықтықтан білім беру бойынша оқу процесін ұйымдастыру «Қашықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 27 қарашадағы № 349 бұйрығына (бұдан әрі – Бұйрық) сәйкес жүзеге асырылады.

Студенттер оқу жұмыс жоспарына сәйкес оқытудың барлық кезеңі үшін академиялық сағаттардың/кредиттердің жалпы көлемінен жиырма пайыздан аспайтын көлемінде қашықтан білім алу мүмкіндігі бар.

2024-2025 оқу жылының басына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік ұсынымдарды негізге ала отырып, төмендегі пәндер мен модульдерді онлайн режиміне өткізуге рұқсат беруіңізді сұранамын.

№	Мамандық атауы	Топ номері	Қашықтықтан оқытуға шығарылған пәндер және модульдер	Сағат саны
1	I курс, барлық мамандықтар үшін	18 топ	1.Қазақ әдебиеті (қазақ топтары үшін) 2.Орыс әдебиеті (орыс топтары үшін) 3. Дүние жүзі тарихы 4.Биология 5.География 6.Дене тәрбиесі 7.Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	48 48 72 72 48 72 48
2	4S06130103 - Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушы	147у,148у, 131, 132, 133, 134	1. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында компьютердің бағдарламалық және техникалық құралдары бойынша оқыту және бағдарламаларды әзірлеу. 2. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау. 3. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	24 96 48
4	4S06130103 - Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушы	120у, 128, 129у, 111, 112, 113, 114, 115	Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	96
5	4S06130105- Ақпараттық жүйелер технигі	1031, 1032	1. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында компьютердің бағдарламалық және техникалық құралдары бойынша оқыту және бағдарламаларды әзірлеу. 2. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.	24 96
6	4S06130105- Ақпараттық жүйелер технигі	1011, 1012, 1013	Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	96
8	4S07140102 – Техник-электромеханик	231	Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	96
	4S07140102 – Техник-электромеханик	223у, 211, 212	Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын	48 72

			сақтау. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	96
9	4S07130704-Техник- электромеханик 4S07130202 Техник – электрик	331, 3031	Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	48
	4S07130704-Техник- электромеханик 4S07130202 Техник – электрик	321, 3021, 311, 322у, 3011	Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	48 96 48
13	4S06120102-желілік және жүйелік әкімшілендіру Технигі	431	ІТ-технологиялар саласында іскерлік қағаздарды кәсіби мемлекеттік тілде жасау.	72
14	4s06120102-желілік және жүйелік әкімшілендіру Технигі	421, 411	Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану Кәсіби қызметте жоғары деңгейдегі бағдарламалау тілдерін түсіну үшін ағылшын тілінің грамматикасы мен терминологиясын жетік меңгеру	96 72
16	4S07140504 - Техник- электронщик	4021, 4011	Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	96
19	4S06120202 - Ақпараттық қауіпсіздік технигі	931, 921, 922, 911 911	Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	48 48 96
21	4S07140902-	531, 532	Экономиканың базалық білімін	72

	Телекоммуникациялық байланыс жүйелер технигі		және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	
22	4S07140902 - Телекоммуникациялық байланыс жүйелер технигі	531 532 521, 522, 511	Кәсіби қарым-қатынасқа қажетті мамандық бойынша лексикалық және грамматикалық материалды жақсы білу. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	48 24 24 24
26	4S07130303 - Техник-теплоэнергетик	631	Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	96
	4S07110502- Техник-технолог	831, 821 811	Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану Менеджмент	72 48 96 24

1. 2024-2025 оқу жылына колледж оқытушыларының педагогикалық жүктемелері түзіліп, бекітілді. Педжүктеме түзу кезінде оқытушылардың еңбек өтілі, колледжге сіңірген еңбегі және жетістіктері негізге алынды.
2. 2024 – 2025 оқу жылына оқу графигі, I-жарты жылдық сабақ кестесі, факультатив сабақтардың кестесі, қоңырау және апталар кестесі түзіліп, бекітілді. Сонымен қатар, кестелердің барлығы COLLEGE.SNATION платформасына ендірілді. Оқу бөлімі тарапынан оқу процесінің өз деңгейінде жүруі қадағаланды.
3. Оқытушылар (әр түрлі жағдайда) сұранған жағдайда сабақтарын ауыстырып, босатылған және ауыстырылған сабақтарды есепке алу журналына тіркелді.
4. Әрбір айға оқытушының жұмыс уақытын есепке алу ведомосі жүргізілді. Оқытушылар ай сайын оқыған сағаттарын есепке алып, оқу бөліміне өткізіп отырды.

5. 30.10.2024-04.01.2025ж. уақыт аралығында оқу графигіне сәйкес, I-жарты жылдық аралық аттестацияның кестесі түзілді және аралық аттестацияның өз деңгейінде өтілуі қадағаланып, қорытындысы шығарылды.
6. COLLEGE.SNATION платформасы арқылы I-жарты жылдық қорытындысын сабаққа қатысым, үлгерім, білім сапасы бойынша, талдап қадағаланды.

II – жарты жылдық

25.12.2024-22.01.2025ж ауқыт аралығында II-жарты жылдық сабақ кестесін, факультатив сабақтардың кестесі, оқу практика кестелері түзіліп және бекітілді. Оқу бөлімі тарапынан оқу процесінің өз деңгейінде өтілуі қадағаланды. Оқу процесі кезінде жұмысына немқұрайлы қараған, жауапкершілікті сезінбеген оқытушыларға шара қолданылды.

28.03.2025-23.05.2025ж. уақыт аралығында оқу графигіне сәйкес II-жарты жылдық аралық аттестациясының кестелері түзіліп, бекітілді және өз деңгейінде өтілуі қадағаланды

Барлық емтихандар COLLEGE.SNATION платформасы арқылы жүзеге асырылды.

Әр тоқсан сайын оқу-педагогикалық жүктемесінің сағаттарын есептеп, есеп-қисап бөліміне өткізілді.

2024-2025 оқу жылының жылдық қорытындысын шығару, есеп беру.

Колледж оқытушыларының жылдық жұмыс уақытын есепке алу ведомосін толтырып, педжүктемеде бекітілген сағат сандарының жұмыс оқу жоспарына сай орындалуын тексеріп, анықтама жазылып, есеп- қисап бөліміне өткізілді.

2024-2025 оқу жылындағы «Жас педагог мектебі» жұмысы туралы есеп

Жыл сайын колледжге жас педагогтер келеді, олар өз қызметінің басында кәсіби, психологиялық және әлеуметтік сипаттағы қиындықтарды бастан кешеді. Жас мамандарды сәтті бейімдеу және кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру үшін Шымкент қаласы білім басқармасының Политехникалық колледжінде “Жас педагог мектебі” жұмыс жоспарына сай жұмыс жүргізеді.

Мақсаты:

- жаңа бастаған педагогтердің үнемі өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру қажеттіліктерін қалыптастыру;
- жас мамандарға кәсіби бейімделуге, шығармашылық қызметтің жеке стилін қалыптастыруға және жетілдіруге әдістемелік көмек көрсету.

ЖПМ тыңдаушылары мен тәлімгерлерінің тізімі

№	Жас педагогтың аты-жөні	Тәлімгері	ПБК	Байланыс телефондары
1.	Абишева Сұлушаш Оразбекқызы	Досболов Бауыржан	Бағдарламалау және автоматтандырылған жүйелер	87080505007
2.	Сейтжан Әсел Қынатқызы	Убайдуллаева Индира Медетхановна	Бағдарламалау және автоматтандырылған жүйелер	8705 5034835
3.	Рысбекова Нұрсауле	Едилбаева	«Физика-математика»	87078685054

	Сансызбайқызы	Эльмира Сайдуллаевна	және информатика» ПБК	
4.	Пернебай Бибісара Әуелбекқызы	Батырбекова Айгүл	Дене тәрбиесі	87478736544
5.	Елшібай Гаухар Архабайқызы	Жайкбаева Эльвира Тулменовна	«Технологиялық процесстерді автоматтандыру»	8705 706 0382
6.	Ткачев Кирилл Игоревич	Мергенбаева Перизат Тауекеловна	«Химия-технологиялық пәндер»	8705 696 9377

Әрбір жас маманға тәлімгерлер бекітілген, олар сабаққа қатысады, оларды талдайды, проблемаларды анықтайды, күрделі тақырыптардың жоспарларын бірлесіп жасайды, бірлескен іс-шаралар өткізеді және т.б. Оқытушыға жеке көзқарас әрқайсысының әлеуетті мүмкіндіктерін ашуға және жұмысқа шығармашылық көзқарас танытуға мүмкіндік береді.

Жас педагог мектебінің жоспары бойынша келесі тақырыптар мен сұрақтар бойынша жұмыс жүргізілді:

1. Оқу-жоспарлау құжаттамасы және оқыту қағидаларымен танысу.
2. Нормативтік және оқу-әдістемелік құжаттаманың мазмұнын зерделеу, оқу құжаттамасын ресімдеу, журналдарды толтыру.
3. Қазіргі сабаққа қойылатын әдістемелік талаптар. Сабақтың түрлері мен формалары. Оқыту әдістерінің сабақты ұйымдастыру формаларына сәйкестігі.
4. Сабақ өткізу кезінде АКТ қолдану. Компьютерлік технологияларды қолдана отырып сабақты жобалау.

Жас мамандардың бейімделу ерекшеліктері.

5. Жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына көшу. Студенттердің білімін, іскерлігін және дағдыларын бағалау және бақылау тәсілдері.
6. ЖПМ тыңдаушыларының шығармашылық есептері. Жылдықтың қорытындысын шығару. Тыңдаушылардың сабақтарын талдау.

2024 жылдың қыркүйек айын жас педагогтармен колледждің жергілікті актілерімен, "Жас педагог мектебі" туралы ережемен, колледждің ақпараттық-техникалық базасымен, компьютерлік кабинеттегі қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықпен, колледждегі сабақтың ерекшелігі, сабақ жоспарын құру әдістемесі, сабақ өткізу, (мерзімді басылымдарды, нормативтік құжаттарды пайдалану), білім беру үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, оқу пәндерінің жұмыс бағдарламаларын әзірлеу технологиясы, оларды түзету; оқу журналын, студенттің жеке ісін жүргізу бойынша ұсыныстар (оқытушының жұмыс бағдарламасы туралы ереже). Жас және жаңадан қабылданған оқытушыларға тәлімгерлерді бекіту. Колледж педагогтарының ғылыми-әдістемелік, кәсіби қызметінің мониторинг жүйесі тақырыптар бойынша жұмыстарды колледж әдіскерлері Д.Балабекова мен Л.Маймакова таныстыру жұмыстарын жүргізді.

Жас мамандар оқу-жоспарлау құжаттамасын жасау талаптары мен ережелерімен, оқыту әдістемесінің мазмұнымен, студенттер қызметін ұйымдастыру түрлерімен танысты. Сабақ – бұл оқытушы мен студенттердің тәрбиелік, жеке өзара әрекеттесуінің уақыт шектеулі, ұйымдастырылған оқыту жүйесі, нәтижесінде білім, дағдылар игеріліп, олардың қабілеттері дамып, оқытушының тәжірибесі жетілдіріледі. Сабақтарды ұйымдастыруға қойылатын талаптар, сабақтың негізгі компоненттері, ұйымдастырушылық, мақсатты, ынталандырушы, коммуникативті, пәндік, технологиялық, бақылау, талдау сабақтарының нәтижелерін талдау қажеттілігі талқыланды.



2024 жылдың 9 қыркүйегінде «Политехникалық колледжінің» әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен «Тіл – ұлттық белгі, халықтық мұра» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге колледж басшылығы, оқытушылар мен тіл мамандары қатысты. «Бағдарламалау және АЖ» ПБК арнайы пән оқытушысы жас маман Абишева Сулушаш Оразбекқызы «Тіл және мәдени мұра» тақырыбында өз баяндамасын оқыды. Бұл бөлімде қазақ тілінің мәдени мұраны сақтау құралы ретіндегі рөлі талқыланады. Тіл мәдениеттің, әдебиеттің, өнердің және дәстүрлердің жеткізушісі ретінде қарастырылады. Баяндама бойынша «Қазақ тіліндегі әдеби шығармалардың ұлттық құндылықты қалыптастырудағы рөлі» мен «Тіл арқылы қазақ мәдениетін насихаттау және сақтау» тақырыптары талқыланды.





2024 жылдың қазан айында әдістемелік-танымдық сайттармен танысу, колледждің педагогикалық этикасы және жұмыс ережелерімен таныстыру, сабақта дидактикалық материалдарды, техникалық оқыту кешендерін қолданудың мүмкіндігін көрсету, компьютерлік технологияларды қолдана отырып сабақты жобалау, оқу әдістемелік бағыттарымен жаңартылған білім мазмұнымен қатар, «Білім беруге заманауи әдістемелер мен тиімді педагогикалық технологияларды ендіру» тақырыбындағы баяндамалар әдістемелік кабинеті

тарапынан ұйымдастырылып өткізілді. Колледж әдіскері Д.Балабекованың басшылығымен «Жас маман портфолиосына қойылатын талаптарымен таныстыру» тақырыбында семинар ұйымдастырылып, әр жас маманға жеке кеңестер берілді.

2024 жылдың 27-29 қаңтар аралығында колледж әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен «Оқыту үшін оқу» тақырыбындағы педагогикалық оқулар ұйымдастырылып өткізілді. Оқулар барысында жас мамандардың кәсіби шеберлігін арттыруға арналған дөңгелек үстел, әдістемелік түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

2025 жылдың 15 сәуірінде өтетін Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК-нің әдістемелік кабинетінің жоспарына сәйкес жас мамандардың кәсіби қызметінде цифрлық технологияларды тиімді пайдалану қабілеттерін дамыту, өзін-өзі үздіксіз жетілдіру мәдениетін қалыптастыру және заманауи талаптарға сай инновациялық ойлау мен шығармашылық әлеуетін арттыру мақсатында "INNOVATIVE MIND: БІЛІМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР" тақырыбындағы колледжішілік жас мамандармен онлайн байқауы өткізілді. Тапсырылған жұмыстардың ішінен үздік деп танылған жұмыс үшін колледжішілік Алғыс хат табысталды





«П

педагогикалық тәжірибе –
шығармашылықтың бастамасы»
тақырыбында колледждің әдіскерлері мен
жас мамандардың қатысуымен
«Педагогикалық тәжірибе –

шығармашылықтың бастамасы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – жас педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, оқыту сапасын жақсарту мақсатында жаңа білімдер мен әдістемелерді меңгеру, оларды тәжірибеде тиімді қолдану арқылы педагогикалық шеберлікті жетілдіру жолдарын қарастыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Дөңгелек үстел барысында қатысушылар педагогикалық тәжірибенің жас мамандардың кәсіби қалыптасуындағы, шығармашылық әлеуетін ашудағы, сондай-ақ жаңашыл әдіс-тәсілдерді меңгерудегі маңызы туралы ой бөлісті. Сонымен қатар, тәжірибе барысында жиі кездесетін қиындықтар мен оларды еңсеру жолдары, заманауи білім беру технологияларын қолдану, креативті тәсілдерді енгізу тәжірибесі бойынша нақты мысалдар келтірілді. Іс-шара жас мамандарға тәжірибе алмасуға, кәсіби өсу жолдарын айқындауға және педагогикалық шеберлікті арттыруға мол мүмкіндік берді.



2024-2025 оқу жылы барысында біліктілікті арттыру курстарынан өткен жас педагогтар:

Оқытушының аты-жөні	Біліктілікті арттыру курсының тақырыбы	Курсты өту мерзімі	Курсты өткен орны
Абишева Сулушаш Оразбекқызы	«ІТ саласындағы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру» тақырыбы бойынша 72 сағаттық біліктілікті арттыру курсы	04.11.2024 15.11.2024	Білім жетілдіру курстары «ТАЛАП» КЕАҚ
Рысбекова Нурсауле Сансызбайқызы	«ІТ саласындағы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру» тақырыбы бойынша 72 сағаттық біліктілікті арттыру курсы	04.11.2024 15.11.2024	Білім жетілдіру курстары «ТАЛАП» КЕАҚ

Колледж оқытушылары курс барысында меңгерген білік-дағдыларымен, алған әсерлерімен бөлісе отырып, өз ісінің нағыз шебері ғана жоғары жетістікке жете алатындығын атап өтті. Олар курсты өткізген тренерлерге және «Талап» КЕАҚ ұжымына шынайы алғыстарын білдірді.

Оқу жылы барысында колледждің жас педагогтері колледжішілік іс-шараларға белсенді қатысты. Сонымен қатар, қалалық және республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. «Бағдарламалау және автоматтандырылған жүйелер» пәндер бірлестігінің оқытушысы С. Абишеваның жетекшілігімен студент Сапарбек Арсен «Мектеп пен ЖОО-ның интеграциясы – жаңа білім беру жүйесінің даму факторы» тақырыбындағы Саттар жас ғалымдардың жобалар шеруі атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияда бас жүлдені иеленді. Ол Қазақстан педагогикалық академиясының президенті Ж. Төлтебайдың қолынан Дипломмен марапатталды (жетекшісі — Абишева С.О.).



Жұмысшы мамандықтар жылы аясында М. Өтебаев атындағы жаңа технологиялар колледжінде өткен «IT әлемі» колледжаралық байқауында Мұратбек Ерасыл Нұрланұлы I орынға ие болып, дипломмен марапатталды (жетекшісі — Абишева С.О.). Сондай-ақ, аталған байқауға белсенді қатысқаны үшін әдістемелік орталық директоры Ш. Айтбаеваның алғыс хатына ие болды.

Жас маман Н. Рысбекова «WorldSkills Kazakhstan – 2024» республикалық кәсіби шеберлік чемпионатында "Web-технологиялар" құзыреттілігі бойынша сарапшы-компатриот ретінде жауапкершілікпен қызмет атқарғаны үшін алғыс хат алды. Сонымен қатар,



«WorldSkills Kazakhstan – 2025» чемпионатында «1С платформасында бизнес процестерді автоматтандыру» құзыреттілігі бойынша сарапшы ретінде қатысқаны жөнінде сертификатпен марапатталды.

«Технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару» пәндер бірлестігінің оқытушысы Г. Елшібай Ақтөбе Жоғары политехникалық колледжінің 60 жылдығына орай ұйымдастырылған республикалық пәндік олимпиадада III дәрежелі дипломмен марапатталды.



«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру аясында өткізілген «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы бойынша «Күзгі асар» атты қолөнер бұйымдары көрмесіне табиғи материалдардан жасалған көркем бұйымдармен қатысқан 242 топ III дәрежелі дипломмен марапатталды.

2024 жылғы 3–31 қазан аралығында Шымкент қаласы білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Бала құқығы – басты құндылық» атты айлық іс-шараларына белсенді қатысқаны үшін 242 топ алғыс хат алды

2024-2025 оқу жылындағы жас педагогтердің баспа материалдары:

беттеріне жариялаған

Оқытушының аты-жөні	Мақаланың тақырыбы	Баспаның атауы	Мерзімі
Ілияс А.Б., Жарқынбек М.Ж.,	1. Денсаулық сақтау жүйесінде ақпараттық	«Инновационные модели и подходы	2024ж.

Ходжаниязова Г.М., Абишева С.О., Жуманова Р.Е.	коммуникациялық технологияның алатын орны	совершенствования научно- исследовательской работы студентов в высших учебных заведениях»: Халықаралық дөңгелек үстел материалдары. – Қарағанды, 2024. – 225 б. ISBN 978-601-235-688-5 (107–111 б.)	
	2. Управление ИТ технологиями больших данных в компаниях	Халықаралық дөңгелек үстел материалдары. – Қарағанды, 2024. – 225 б. ISBN 978-601-235-688-5 (221-226.)	
	3. Применение возможностей виртуальных лабораторий в образовательном процессе университета	Халықаралық дөңгелек үстел материалдары. – Қарағанды, 2024. – 225 б. ISBN 978-601-235-688-5 (94-97 б.)	
Рысбекова Н.С.	«Бағдарламалау және Ақпараттық жүйелер саласы»	«Білім айнасы» республикалық ғылыми- танымдық газеті, №3	2025ж

Жас педагогтармен жүргізілген жұмыс олардың кәсіби және педагогикалық шеберлігін арттыруға оң ықпал етті. Алдағы оқу жылында жас оқытушылармен, педагог-тәлімгерлермен және әдіскерлермен бірлесе отырып, «Сабақты тиімді ұйымдастыру жолдары», «Жиі кездесетін қателіктерден қалай сақтануға болады?» сынды тақырыптарда жұмыс жалғасын табады. Бұл бағыттағы шаралар жас мамандардың кәсіби дамуына ықпал етуге бағытталады.

Қорытынды: Жас педагогтардың бейімделу кезеңі табысты өтті. Колледж әкімшілігі мен педагог-тәлімгерлер тарапынан теориялық білімді тереңдету, кәсіби құзыреттілікті арттыру бағытында жүйелі әдістемелік көмек көрсетілді.

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Мақсаты: педагогтардың кәсіби құзыреттілігін үздіксіз арттыруға ынталандыратын және ықпал ететін қолайлы әдістемелік орта құру.

Міндеттері: колледжді кешенді дамыту бағдарламасын жүзеге асырудың ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуін құру; инновациялық педагогикалық технологияларды меңгеруде педагогтардың ғылыми-әдістемелік деңгейін жетілдіру; озық педагогикалық тәжірбиені зерделеу, қорыту және тарату; педагогтардың шығармашылық бастамаларын, ғылыми-әдістемелік, ақпараттық және ұйымдастырушылық-әдістемелік қолдау; мамандық бойынша үлгілік оқу жоспарына сәйкес кәсіби даярлықты, заманауи нарық талабына, бәсекеге қабілетті тұлғаны қамтамасыз етуге жағдай жасау.

Колледждің педагогикалық ұжымының 2024-2025 оқу жылына арналған бірыңғай әдістемелік жұмыс бағыты «Сапалы білім беру – бәсекеге қабілетті қоғам орнатудың негізі» екенін ескере отырып, колледждің әдістемелік кабинеті мынадай негізгі бағыттарды ұсынады:

Жаңа стандарттарға сәйкес оқу жоспарлары мен бағдарламаларға сай оқу әдістемелік кешендерін өңдеу, толықтыру және қайта құруда оқытушыларға бағыт-бағдар беріп, әдістемелік көмек көрсету;

Оқу процестеріне ғылым мен жаңа техниканың, жаңа технология мен өндірістегі ұйымдастырудың осы заманғы жетістіктерін ендіруге әдістемелік көмек көрсету;

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес әдістемелік кабинетке оқу-бағдарламалық, оқу-әдістемелік құжаттарды жинақтау;

Колледжішілік іс-шараларды ұйымдастыру және колледжден тыс өткізілетін іс-шараларға қатысу;

Семинарлар, тақырыптық, ғылыми конференциялар, пәнаралық олимпиадалар, «Инновациялық идеялар мен ғылыми жобалар», «Қолөнер туындылары» мен циклдік комиссиялар апталықтарын, ашық сабақтар өткізуді ұйымдастыру.

Оқыту сапасының мониторингін және тиімділігін арттыру

Жаңа оқу жылында әдістемелік кабинеті жұмысының міндеттері: алған білімі негізінде өзін-өзі таныту, өзін-өзі дамыту, өздігінен кәсіби сауатты шешім қабылдай алатын болашақ білікті мамандық иесін қалыптастыруда шеберлігін шыңдайтын педагогикалық ұжымға әдістемелік көмек көрсету.

Әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары:

- әрбір оқыту мамандығын кешенді әдістемелік қамтамасыз ету;
- оқытушылар және шеберлердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру;
- оқытушылар және өндірістік оқыту шеберлерінің жеке әдістемелік жұмысы;
- педагогтардың ғылыми жұмысы;

-үздік педагогикалық тәжірибені қорытындылау және тарату;

- білім алушылардың ғылыми жұмысына жетекшілік ету;
- әдістемелік бірлестік шеңберінде колледж педагогтарының жұмысына әдістемелік жетекшілік ету.

Әдістемелік жұмыстың негізгі түрлері:

- курстарда, тағлымдама және қайта даярлау курстарында оқытушылардың біліктілігін арттыру;
- оқу-әдістемелік құжаттар және авторлық оқу бағдарламаларын әзірлеу;
- оқу сабақтарын әдістемелік қамтамасыз ету жұмысы;
- оқулықтар, құралдар, мақалалар жазу және жариялау;
- білім алушыларға курстық жұмыстарды жазуға жетекшілік ету;
- білім алушыларға конференцияларға дайындалуға жетекшілік ету;
- педагогикалық кеңестерде, әдістемелік кеңестерде, ӘБ отырыстарында тақырыптық баяндама жасау;
- колледжішілік, облыстық, республикалық және халықаралық конференцияларда баяндама жасау;
- әдістемелік бірлестіктерге жетекшілік ету;
- кәсіби шеберлік олимпиадалар, конкурстар (нәтиженің жазбаша талдауы болуы міндетті).

Қойылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында жоспарланды:

- оқытушылардың ғылыми деңгейін арттыру мақсатында психологиялық-педагогикалық ғылым нәтижелерімен таныстыру жұмысы жалғастырылсын;
- шығармашылықты жұмыс істейтін оқытушылардың озық педагогикалық тәжірибесін зерделеу, жалпылау және енгізу жұмысы жалғастырылсын;

- жас оқытушылар мектебін ұйымдастыру, колледж оқытушыларын семинар-практикумдар, педагогикалық оқулар, конференциялар арқылы педагогикалық шеберлігін арттыру жұмысында жас оқытушы мектебін ұйымдастыру арқылы жас оқытушыларға педагогикалық шеберлігін арттыруда көмек көрсету;
- ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар, пән апталығын, ғылыми-практикалық конференциялар өткізуге, білім алушылардың білім сапасын бақылауды жетілдіруге көмек көрсету.

Колледждің бірінғай әдістемелік тақырыбы: «Педагогикадағы коммуникациялық дизайн: тиімді сабақтарды қалай жасау керек?».

Колледждің білім беру қызметі 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының» (бұдан әрі - №385 Үлгілік қағидалары) 5-тармағында қарастырылған 14 міндеттері іске асыруда.

Колледж қызметі 2020-2025 жж арналған Стратегиялық даму жоспарына (29.12.2021 ж. бекітілген) және 2024-2025 оқу жылына арналған Жұмыс жоспарына сәйкес атқарылуда.

2024-2025 оқу жылдарына колледжішілік құжаттар тізбесі «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы (бұдан әрі - №130 бұйрық) негізінде жасалынды.

Жылдық жұмыс жоспарлар:

2024-2025 оқу жылында 2024 жылдың 29 тамызындағы №1 педагогикалық кеңесте қаралып, колледж директорымен бекітілген.

Оқу – әдістемелік жұмыс колледждың «Педагогикадағы коммуникациялық дизайн: тиімді сабақтарды қалай жасау керек» тақырыбы бойынша жүргізілді. Колледж оқу-әдістемелік жұмысы бекітілген жоспар бойынша жүргізіледі және студенттер арасында тәлім-тәрбие беретін іс-шаралар мен сабақтар көптеп өтіліп отырады.

Сонымен қатар, колледж оқытушылары жеке жұмыс жоспарларына сәйкес 2024-2025 оқу жылы сабақтардың барлық түрлері жұмыс оқу жоспарларына, технологиялық карталарға және пәндерді оқудың құрылымдық логикалық сызбаларына қатан сәйкестікте өткізілді.

Колледж ПБК құрамындағы педагогтер арасында озық тәжірибені ортаға салу мақсатында өзара сабаққа ену жұмысын бекітілген кестеге сәйкес орындалды. ПБК оқытушылары арасында тәлімгерлік жұмыстары жоспар бойынша жүргізіледі. Жас оқытушылар тәлімгерлерімен тығыз байланыс арқасында әдістемелік кабинет және ПБК ұйымдастырылған іс-шараларға белсенді қатысып, ашық сабақ өткізіп, өздерінің ынтасын білдірді.

Студенттердің жас ерекшеліктерін есепке алғандағы негізгі міндеттер:

1. Нарық жағдайында өмір сүруге және еңбек етуге қабілетті жаңа формациядағы мамандарды дайындау жұмысын жалғастыру. Үздіксіз кәсіптік білім беру құрылымын дамыту.
2. Білім сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар, оқу жоспары және бағдарламаларды жетілдіруді енгізу есебінен арттыру.
3. Мамандарды мемлекеттік тілде дайындауды жетілдіру.
4. Оқытушылардың әдістемелік шеберлігін, мамандарды даярлау сапасына жауапкершілігін арттыру.
5. Жаңа педагогикалық технологиялар игеру, ұжымда шынайы шығармашылыққа, жоғары кәсібилік, принципшілдікке жағдай жасау.

6. Жаңа типтік оқу бағдарламаларына, бірыңғай әдістемелік тақырыпқа байланысты, келесі құжаттар дайындалсын: - оқыту-жоспарлау құжаттамасы;

- пәндер және мамандықтарды кешенді әдістемелік қамтамасыздандыру;
- оқу процесін ұйымдастырудың негізгі үлгісі ретінде сабақты жүргізу әдістемесін.

7. Білім беру сапасын анықтау, оның мемлекеттік білім беру –кәсіптік бағдарламаларға сәйкестігін анықтау мақсатында колледжді аттестаттаудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету.

8. Студенттердің өздігінен әрекет етуін дамыту, оқытуды ақпараттандыруды мамандардың кәсіби біліктілігін қалыптастыру құралы ретінде жұмыс жасауды жалғастыру.

9. Студенттерге тәрбиелік ықпал ету тиімділігін арттыру жұмысын жалғастыру.

10. Студенттердің рухани мәдениетін дамыту, адамгершілік қасиеттерін, Қазақстандық патриотизм сезімін, ұлттық намысын қастерлеуді тәрбиелеу.

11. Сабақтар, сабақтан тыс іс-шаралар, спорттық секциялар, қызығушылық бойынша клубтар арқылы салауатты өмір салтын насихаттау, моральдік қасиеттерін тәрбиелеу.

12. Маманның кәсіби өсуінің негізі ретінде өндірістік оқыту мен тәжірибені ұйымдастыру және өткізуді жетілдіру, әлеуметтік серіктестер және жұмыс берушілермен байланысын үзбеу, оқу процесіне жаңа технологияларды енгізу, озық кәсіпорындар тәжірибесін насихаттау.

13. Мамандарды даярлау сапасын арттыру мақсатында кабинеттер мен зертханалардың материалдық-техникалық базасын нығайту.

Педагогикалық ұжым студенттердің жатақхана нормаларын, мүлкін сақтауға жауапкершілігін арттыру бойынша жұмысты жалғастыру. Жоспарланған міндеттерді жүзеге асыру және студенттерді тәрбиелеу мен оқытудың кешенді жүйесін жетілдіру үшін білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әрбір курста дифференциалды тапсырмалар қарастырылсын.

Семинар, конференция, олимпиадалар

2024 жылдың 5 қыркүйегінен бастап Қазақстан халықтарының тілдері күнін мерекелеуге орай колледждің әдістемелік кабинетінің жоспарына сәйкес **«Тілдер күні – халық достығы, туыстық және бірлігінің белгісі»** атты Тілдер апталығы өтті. Қазақстан Республикасының Тілдер күнін мерекелеу аясында орыс тілі мен әдебиеті пәнінің ПӘК мұғалімдері 1 курс студенттері қатысқан түрлі форматтағы іс-шаралар өткізді.

«Тіл – ұлттық белгі, халықтық мұра» тақырыбындағы дөңгелек үстел

2024 жылдың 6 қыркүйегінде әдістемелік кабинетінің жоспарына сәйкес «Тіл – ұлттық белгі, халықтық мұра» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелдің мақсаты: тілдің ұлттық құндылық ретіндегі маңызын талқылау, ұлттық мәдениет пен мұраны сақтау және дамытудағы рөлін айқындау, сондай-ақ қазақ тілін оқытудағы өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдарын қарастыру болды.

Іс-шара барысында қазақ тілі ұлттық құндылық ретінде қарастырылып, оның маңыздылығын терең түсінуге мүмкіндік берілді. Қатысушылар тың ақпараттар алып, өз кәсіби қызметінде қолдануға қажетті тәжірибе жинақтады. Ұлттық мұраны сақтау жолында тілдің рөлін арттыруға бағытталған нақты ұсыныстар айтылды.

Дөңгелек үстел аясында тақырыптың өзектілігін ашатын мазмұнды баяндамалар ұсынылып, қатысушылар презентациялар арқылы жан-жақты ақпарат алды. Әр баяндамадан кейін пікірталас ұйымдастырылып, қатысушылар өз ой-пікірлерімен бөлісті.

Талқылау барысында қазақ тілінің ұлттық бірегейлікті сақтаудағы орны мен маңызы, қазақ тілін оқытудағы әдістемелік мәселелер және оларды шешу жолдары қарастырылды. Колледж оқытушылары мен қызметкерлері өз тәжірибелерімен бөлісіп, нақты ұсыныстарын білдірді. Нәтижесінде қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған бірнеше ұсыныс жасалды.

«Радиоэлектроника және байланыс» ПБК арнайы пәндер оқытушысы Арынбаев Мұхамед-Әли Ануарбекұлы «Тіл – ұлттық белгі» тақырыбындағы баяндамасы бойынша I

дәрежелі дипломымен марапатталды. Қалған баяндамашылар да директордың алғыс хаттарымен марапатталды.

2024 жылы 20 қыркүйек күні Шымкент қалалық білім басқармасының Политехникалық колледжінің I-III курс студенттері Сманов Нуржан бокстан ҚР ЕССШ, КСРО - ның 5 дүркін чемпионы, Европа чемпионы, Әлем біріншілігінің күміс және қола жүлдегері, халық аралық Достық турнирінің (жасөспірімдер арасында Олимпиаданың) чемпионы, Азия және Азия ойындарының екі дүркін чемпионы, АҚШ та Атланта да өткен Олимпиада ойындарында 5 орын, көптеген халық аралық жарыстарының жеңімпазы. КСРО ның 2 рет, Европа, Азия және Азия ойындарының ең үздік боксшы атанған !!! Шымкент қаласының, Келес және Сарыағаш ауданының Құрметті азаматы, Президент стипендиясының иегері мен кездесу өткізілді.



2024 жылы 24 қыркүйек күні Шымкент қалалық білім басқармасының Политехникалық колледжінің I-III курс студенттері және белсенді жастарының қатысуымен «Абай» саябағында қалалық «Fitness Park KZ» жобасы аясында жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша спорт фестиваль өткізілді.

«ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҰСТАЗ»

2024 жылдың 16, 17 қазан аралығында Политехникалық колледждің әдістемелік кабинеті мен «Бағдарламалау және автоматтандырылған жүйелер» және «Электроника және ақпараттық жүйелер» ПБК-мен бірге ұйымдастырылып, 16.10.-17.10.2024 ж. **«ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҰСТАЗ»** тақырыбында конференция өтті.



Конференцияның мақсаты:

- *Жасанды интеллекттің білім беру саласындағы рөлі:* ЖИ технологияларының оқу процесіне, оқушылардың жетістіктеріне және ұстаздардың жұмыс тәсілдеріне қалай әсер ететінін талқылау.
- *Жаңашыл шешімдер мен әдістер:* Ұстаздарға тиімді әдістер мен құралдарды ұсыну, оларды оқу материалдарын дайындауда және оқу жоспарларын құруда қолдану.

Алғы сөзді директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Арынбаев Мұхамед-Али Ануарбекович алды, өз сөзінде жасанды интеллекттің қазіргі заманда қарқынды дамуы туралы сөз қозғады. Білім беру саласында жасанды интеллекттің (ЖИ) тиімділігін және оның ұстаздарға қалай көмектесетінін талқылады. ЖИ — қазіргі заманғы білім беру жүйесінің негізі, ол оқыту әдістерін, оқу процесін және студенттердің қажеттіліктерін өзгертуге үлкен мүмкіндік беретінін айтып, «Жасанды интеллект оқытушыны алмастыра алмайды, толықтарды!» деп сөзге тиек етті. Осылай конференциямызда сөз бастап, баяндамаларға сөз кезегін берді.



Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК әдістемелік кабинетінің меңгерушісі
Балабекова Дана Амановнанаға сөз кезегі берілді

Баяндама

«Мамандыққа оқытуда жасанды интеллект технологиясын қолдану әдістемесі»

Білім беру саласы қазіргі заманғы технологиялардың қарқынды дамуымен үздіксіз өзгерістерге ұшырауда. Әсіресе, жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары мамандыққа оқытуда үлкен рөл атқарып келеді. ЖИ-тің көмегімен оқу процесі жекелендіріліп, тиімділігі артып, білім беру сапасы жоғарылайды. Бұл технологиялар оқытушылар мен студенттер арасындағы өзара әрекетті оңтайландырып қана қоймай, оқыту әдістерін жақсарту және оқу материалдарын меңгеру процесін жеделдету үшін кең мүмкіндіктер береді.

Жасанды интеллект технологияларын оқытуда қолданудың теориялық негіздері

Жасанды интеллекттің білім беру саласындағы қолдану теориясы бірнеше маңызды концепцияларға негізделеді:

1. **Жекелендірілген оқыту:** ЖИ студенттердің оқыту қажеттіліктері мен деңгейлеріне қарай оқу материалдарын бейімдей алады. Бұл дәстүрлі біркелкі оқыту әдістеріне қарағанда анағұрлым тиімді.
2. **Адаптивті оқыту жүйелері:** Бұл жүйелер студенттердің іс-әрекеттерін бақылап, деректерді өңдей отырып, олардың білім деңгейін және білім алу стилін анықтап, арнайы оқыту жолдарын ұсынады. Бұндай жүйелер студенттерге өзіндік білім алу траекториясын құруға мүмкіндік береді, соның нәтижесінде олардың оқу барысы оңтайланады.
3. **Оқу процесінің автоматизациясы:** ЖИ технологияларын қолдану арқылы оқу материалдарын әзірлеу, бағалау және студенттердің оқыту процесін басқару автоматтандырылады. Бұл оқытушылардың жұмысын жеңілдетіп, оқу процесінің сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Жасанды интеллекттің білім беру саласындағы бұл теориялық негіздері заманауи оқу әдістемелерінің ажырамас бөлігіне айналды.

ЖИ қолдану әдістері: Адаптивті оқыту және машиналық оқыту

Адаптивті оқыту платформалары ЖИ-дің көмегімен студенттердің оқу нәтижелерін автоматты түрде талдап, оқу процесін жекелендіруді қамтамасыз етеді. Бұл платформалар студенттердің мықты және әлсіз тұстарын анықтап, оқу мазмұнын соған сәйкес бейімдейді. **Coursera, EdX, Khan Academy** сияқты халықаралық платформаларда бұл технология кеңінен қолданылады.

Адаптивті оқыту жүйелері оқу материалдарының қиындық деңгейін реттеп, студенттің оқу стиліне және оқу жылдамдығына сәйкес өзгертеді. Бұл студенттерге материалды тиімдірек меңгеруге көмектеседі, ал оқытушыларға білім беру процесін оңай бақылауға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект арқылы қашықтықтан оқыту

Қашықтықтан оқыту жүйелерінің қарқынды дамуы ЖИ технологияларының кеңінен қолданылуымен байланысты. **Виртуалды оқыту платформалары, чат-боттар және онлайн ассистенттер** қашықтықтан білім алушыларға кеңес беріп, оқу процесінде көмек көрсетеді.

ЖИ технологияларының бірі — **виртуалды зертханалар мен интерактивті симуляциялар**. Бұл құралдар студенттерге тәжірибе жүзінде кәсіби дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Виртуалды симуляциялар арқылы студенттер әртүрлі кәсіптік операцияларды орындап, нақты кәсіби жағдайларда қолданылатын дағдыларды игереді. Мысалы, медицина немесе инженерия саласында виртуалды зертханалар тәжірибені қолжетімді және қауіпсіз түрде алуға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқытудағы ЖИ құралдарының негізгі артықшылықтарының бірі — олардың әрдайым қолжетімділігі. Оқушыларға кез келген уақытта өз бетінше оқуға мүмкіндік береді, бұл әсіресе ересектерге немесе жұмыс істейтін студенттерге өте ыңғайлы.

«Бағдарламалау және АЖ» ПБК-ң арнайы пән оқытушысы

Кембаева Жаннур Куралбаевна

«Жасанды интеллект дәуіріндегі ұстаз»

тақырыбында баяндама оқыды



«Бағдарламалау және АЖ» ПБК-ң арнайы пән оқытушысы
Орынбасарова Толкынай Есенхалиқызы
Мұғалімдерге арналған цифрлық құралдар
тақырыбында практикалық жұмыстар көрсетті


ChatGPT (ағылш. Chat Generative Pre-trained Transformer немесе қаз. Чат түзетін, алдын ала оқытылған трансформер) — OpenAI компаниясы дамытып жатқан нейрожүйе (жасанды интеллект (Artificial Intelligent)). ChatGPT чат яғни жазба мәтін арқылы жұмыс істейді.



Google жаңа Gemini атты жасанды интеллект (AI) құралын енгізді, ол қолданушыларға электрондық пошта қолжазбаларын жетілдіруге көмектеседі. Бұрын Google-де AI негізіндегі Help Me Write функциясы болған, бірақ енді Formalize, Elaborate, Shorten және Polish сияқты опциялар қосылды. Polish ерекшелігі қарапайым қолжазбаларды ресми электрондық поштаға түрлендіреді.



Бұл жоба жасанды интеллект D-Id технологиясын зерттеу үшін арналған. D-Id - адамның бет-әлпетін, дауысын және басқа жеке қасиеттерін танудың жасанды интеллект алгоритмдерін пайдаланатын жүйе. Жобаның мақсаты - D-Id жүйесінің жұмыс істеу принциптерін, оның әлеуетін және қоғамда қолданылуын талдау.



«Бағдарламалау және АЖ» ПБК-ң арнайы пән оқытушысы
Абишева Сулушаш Оразбекқызы
Презентация жасауға арналған құралдар,



**Көрнекілікке арналған 3D құралдар,
Тест құрастыруға арналған құралдар
тақырыптарына практикалық жұмыстар көрсетті**

Gamma AI ppt — ЖИ күшімен презентациялар жасауға көмектесетін презентация құралы. Gamma AI мәтінді, кескіндерді және графиканы пайдалана отырып, идеялар мен ақпаратты қысқаша түрде ұсынуға мүмкіндік береді.




Corinth - бұл 3D модельдер мен анимациялардың көзі болып табылатын қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету, оны бірнеше жоғары оқу орындарының мамандары әзірлеген және орта және жоғары мектептердегі оқу процесін цифрландыруды қолдауға арналған.



Quizbot AI — бұл сұрақ-жауап форматында жұмыс істейтін жасанды интеллект. Ол пайдаланушыларға викториналар, тестілер немесе білім сынақтарын ұсыну үшін жасалған. Мұндай боттар білімді тексеруге, жаңа ақпарат алуға немесе көңіл көтеруге көмектеседі. Олар әртүрлі тақырыптарда сұрақтар қойып, пайдаланушылардың жауаптарына негізделіп, нәтижелер мен статистикалар береді.



Conker- бірнеше рет басу арқылы әр түрлі сұрақтармен бірегей тесттер жасайды. Ол тестті жасанды интеллект негізінде қиындықсыз жасауға мүмкіндік береді.



QuizRise-бұл курстарға, оқу бағдарламаларына немесе өзін-өзі тәрбиелеуге арналған викториналар немесе бағалар жасауға арналған жасанды интеллектке негізделген білім беру құралы.

«Бағдарламалау және АЖ» ПБК-ң арнайы пән оқытушысы
Тулепбергенова Роза Алтынбековна
Мультимедиялық электрондық кітаптар жасауға арналған құрал тақырыбында
практикалық жұмыс көрсетті

Flipbook – бұл жылдам түрде парақтарын ауыстыру арқылы қозғалыс эффектін беретін бейне немесе анимация құралы. Ең қарапайым мысалы – қағазға сызылған суреттер тізбегі, әр парақта сурет аздап өзгеріп отырады. Парақтарды тез парақтағанда, көзге сол бейнелер қозғалып жатқандай көрінеді. Мұндай әдіс анимацияның ең ерте формаларының бірі болып табылады.

Қазіргі таңда **flipbook** ұғымы сандық форматта да кеңінен қолданылады. Бұл арнайы бағдарламалар немесе веб-сервистер арқылы жасалған анимациялық немесе интерактивті кітаптар мен журналдар. Мұндай flipbook-тарда беттерді компьютер экранында парақтау арқылы мультимедиалық контентпен (видео, аудио, интерактивті элементтер) танысуға болады.





<https://online.flipbuilder.com/Rozaf/xtvf/>

2024 жылдың 11 желтоқсан күні әлеуметтік-гуманитарлық пәндер бірлестігінің дәстүрлі апталығы, Тәуелсіздігіміздің 33 жылдығы қарсаңында **«Жаңа Қазақстанның - жаңашыл жастары»** тақырыбында танымдық тәрбиелік іс-шара өткізілді. Іс-шараны З.Мырзатаева, З.Маханова, Б. Заурбекова ұйымдастырды. Колледж әдіскері Д.Балабекова, кітапхана меңгерушісі Ұ. Адасқанова және 1-2 курс студенттері қатысты.

Мақсаты:

- Жастардың табиғи дарындылығын, қабілетін жетілдіруге, ізденуге, талаптана білуге үйрету, сонымен қатар болашаққа деген дұрыс бағыт- бағдар беру.
- Қазақ халқының сан ғасыр армандаған арманы- тәуелсіздік туралы студенттерге түсінік бере отырып, қазіргі Қазақстан - әлем таныған егемен ел екендігі туралы мағлұмат беру. Өз елінің тарихын білуге, Отанын сүюге, ұлтаралық достыққа, ерлікке баулу, патриоттық тәрбие бере отырып, еңбекқорлыққа бейімдеу.
- Желтоқсан оқиғасында ел қамын жеген ерлерді үлгі тұту, өнеге алуға және халқының тарихын білуге дағдыландыру, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.





«Автоматтандыру –еліміздің индустриалды дамудың негізі» тақырыбында «Технологиялық процесстерді автоматтандыру» ПБК апталығы 25.11.-29.11.2024 ж. аралығында келесі жоспар бойынша өткізілді.

№	Іс- шара тақырыбы	Өткізу мерзімі	Өткізетін орны	уақыты	Жауапты оқытушы
1	ПБК апталығының ашылуы	25.11.24 ж.	Оқу залы	12:30	ПБК оқытушылары
2	Профессиональная социализация. Жас оқытушылар арасында тренинг	28.11.24ж.	119 кабинет	12:30	Жайкбаева Э.Т.
3	Бензин фракциясын изомерлеу процесін автоматтандыру тақырыбында ашық сабақ	27.11.24 ж	119 кабинет	13:40 212 -топ	Досыбаев Н.
4	Органикалық емес заттар өндірісін автоматтандыру. Күкірт қышқылы өндірісі. Ашық сабақ	26.11.24ж	119 кабинет	15:30 211 топ	Орынбасар М.
5	«Отбасы -тәрбие көзі» тақыры-бында ашық кураторлық сағат	26.11.24ж.	118 кабинет	12:30 221 топ	Шертай А.Б.
6	«Мотивация жизненного успеха» 4-курстар арасында тренинг	29.11.24ж	117 кабинет	12:30 212-топ	Жайкбаева Э.Т.
7	Анализ функционирования параметров газовых потоков в процессе эксплуатации	25.11.24ж	119 кабинет	15:30 212-топ	Тургенбаев Д.Н.
8	Сайыс сабақ: Приборист 3-курстар арасында сайыс сабағы	27.11.24 ж	117 кабинет	12:00	Шеріпбеков Б
9	«Газ ағындарын бақылау-өлшеу аспаптары мен	28.11.24 ж	118 каб	13:50 211-топ	Тайшева Ш.Т.

	автоматтандыру құралдарын техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге дайындау» тақырыбында ашық сабақ				
10	Активті және индуктивті кедергілердің параллель қосылған айнымалы токтың электр тізбектерін зерттеу. Ашық сабақ	25.11.24ж	118 кабинет	15:30 231-топ	Елшібай Г.
11	«Менің мамандығым» тақырыбында қабырға газетін шығару	25.11-29.11	119 кабинет	1-IV курс студент-тері	Досыбаев Н. Орынбасар М. Тайшева Ш.Т.
12	ПБК апталығының жабылуы	29.11.24ж.	Оқу залы	12:30	ПБК оқытушылары

«Химия-технологиялық» пәндік бірлестік оқытушылары жеке жұмыс жоспарларына сәйкес ашық сабақтар өткізді. Сонымен қатар, ПБК апталығы 24.02.-28.02.2025 ж. аралығында өткізілді. **«Жұмысшы мамандықтар жылы»** тақырыбында ПБК апталығы келесі жоспар бойынша өткізілді.

№	Іс- шара тақырыбы	Өткізу мерзімі	Өткізетін орны	уақыты	Жауапты оқытушы
1	Химия-технологиялық пәндер ПБК апталығы ашылуына орайластырылған «Жұмысшы мамандықтар жылы» тақырыбында ашық іс- шара.	24.02.25 ж.	Оқу залы	12:30	ПБК оқытушылары
2	ЖБП 11. Биология пәнінен 1 курс оқушылары арасында конкурс «Үздік биолог».	25.02.2025ж	100 ауд	11:40	Тулесова Ж.А
3	ПМ 2 Модуль бойынша ашық сабақ. Тақырыбы: «Дистилляция и ректификация. Общие сведения.».	25.02.2025ж	15 ауд	13:50	Ткачев К.И
4	Конкурс «Лучший по профессии» 821,831 топ оқушыларымен.	26.02.2025ж	113 ауд	14:40	Магзумова Ф.Г
5	ПМ 2. Модуль бойынша ашық сабақ. Тақырыбы: «Инструкции и правила по пожарной безопасности»	26.02.2025ж	115 ауд	12:00	Алжанова Г.К
6	«Өмірге риза болып, Алғыс айт» ашық кураторлық сабақ 821 топ оқушылары.	26.02.2025ж	102 ауд	13:30	Срабекова Г
7	ЖБП 11. Биология пәнінен 141 тобы оқушыларымен «Көлденең жолақты бұлшық ет ұлпаларының құрылымы»	27.02.2025ж	115 ауд	09:55	Оразова Л.Б
8	ЖБП 10. Химия пәнінен 341 тобы оқушыларымен «Көмірсутектер	27.02.2025ж	121 ауд	11:40	Тулисбекова Г.А

	қорлары» тақырыбында ашық сабақ.				
9	ЖБП 10. Химия пәнінен 242 тобы оқушыларымен «Одно основные спирты» тақырыбында ашық сабақ.	28.02.2025ж	100 ауд	08:15	Наушабаева Л.А
10	ХТД ПБК үйірмелері жұмысын және оқушылардың ғылыми- іздену жұмыстары нәтижелерін қорытындылауға арналған Білім – жарқын болашаққа бастайды тақырыбында конференция. Апталықты қорытындылау. ХТД ПБК апталығының жабылуы.	28.02.2025ж	115 ауд	13:10	ХТД ПБК оқытушылары

«Ұлттық құндылық – ұлт болмысы» атты қазақ тілі мен әдебиеті пәндер бірлестігінің апталығы наурыз айының 11-17 күндері аралығында ұйымдастырылды.

11 наурыз күні ПБК оқытушысы М.Укибасованың ұйымдастыруымен «Абай, Шәкәрім оқулары» атты колледжішілік челленджін өткізді. Колледж білім алушыларымен бірге оқытушылар да өшпес із, өлмес мұра қалдырған ұлы тұлғалардың өлеңдерін оқып, белсенділік танытты.

Челлендждің мақсаты: ұлы тұлғалардың шығармаларын кеңінен дәріптеу, ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтау, патриотизмге тәрбиелеу, жастардың азаматтық белсенділігін нығайту.

12 наурыз күні оқытушы Ф.Абдашимова «Үш бәйтерек – үш дінгек» атты танымдық іс шара өткізді. Іс шараның мақсаты: қазақ халқының ұлттық әдебиетінің қалыптасуы мен қоғамдық өмірінің дамуына үлкен үлес қосқан үш бәйтерегіміз атанған С.Сейфуллин, Б.Майлин мен І.Жансүгіров өмірі мен шығармашылық жолын жастарға ұғындыру, азаматтық тұлғасын таныту, олардың рухының, түсінік-танымын бүгінгі ұрпақтың есіне мәңгіге қалдыру, жастар арасында ұлттық құндылықтарды насихаттау.

13 наурыз күні оқытушы Р. Утебаева «Сөздіктер сөйлейді» атты танымдық іс шара өткізді. Іс шараның мақсаты: Қоғамдық өмірде болып жатқан сан алуан жаңалықтар мен өзгерістердің тілге, әсіресе оның сөздік құрамына өз әсерін тигізбей қоймайтынын ескере отырып және ғасырдан-ғасырға мирас болып келе жатқан асыл мұрамыз, қазақ тілінің мәртебесін көтеру мақсатында білім алушылардың сауаттылығын арттырып, сөз байлығын, сөйлеу мәдениетін көтеру.

14 наурыз күні оқытушы А.Абдукадырованың ұйымдастыруымен колледжіміздің білімді де білгір білім алушылардың дарынын ашу, белсенділіктерін арттыру мақсатында «Колледж көшбасшысы» интеллектуалды ойын-сайысын өткізді.

Мақсаты: Ойы жүйрік, танымдық деңгейі жоғары студенттердің дарынын ашу, білімдерін жинақтап, тереңдету, шапшаңдыққа баулу, қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру, білімдерін сайысқа түсіріп, жан-жақты болуға, өзіне деген сенімділік қасиеттерін қалыптастыруға бейімдеу, білімді, дарынды, озық болуға тәрбиелеу.

Колледждің 1 курс білім алушылар арасынан іріктеліп алынған білімді де білгір 10 қатысушылар арасынан озып шығып, өзінің озық ойлы, білімді екенін дәлелдеп, 542 тобының білім алушысы Шәріп Әмина «Колледж көшбасшысы» атанып, бас жүлдені иеленді. Сайыстың жеңімпазы мен барлық қатысушылар арнайы Алғыс хатпен және ынталандыру сыйлықтармен марапатталды.

11 сәуір күні Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен колледжішілік Білім Олимпиадасы ұйымдастырылды. Олимпиада 2 кезеңнен: I кезең: «Тілші-әдебиетші» тест сұрақтарына жауап беру, II кезең: «Жас қаламгер» эссе жазу бойынша өтті.

Мақсаты: қазақ тілі мен әдебиетін терең меңгерген білім алушыларды ынталандыру, білім алушыларды отансүйгіштік, ерлік рухында тәрбиелеу, жазуға талапты білім алушылардың қабілет-қарымын ұштау, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру, шығармашылық ізденіске жұмылдыру.

I кезең: «Тілші-әдебиетші» кезеңінде қазақ тілі (15 сұрақ), қазақ әдебиеті (15 сұрақ) пәнінен құрастырылған 30 тест сұрақтары ұсынылды. Тапсырманы орындауға әр қатысушыға 40 минут уақыт берілді.

II кезең: «Жас қаламгер» эссе жазу. Бұл кезеңде ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев 2025 жылды – «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауына байланысты: «Мамандық таңдау – адам өміріндегі маңызды қадам»,

«Мамандық таңдау – өмірдің бір кірпішін дұрыс қалау» және еркін тақырыптар: «Бақытты балалық шақ», «Арман керек адамға», «Табиғат – тіршілік көзі», «Дос және достық», «Салт-дәстүрім – таусылмайтын байлығым» тақырыптары ұсынылды. Эссе жазуға 80 минут уақыт берілді.



Шымкент қаласы, "Парасат" ЖМ колледжінің ұйымдастыруымен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында өткен жарыста "Политехникалық колледжінің" студенттері жүлделі II орынмен марапаталды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша бірлік жұмыс жоспарына сәйкес, «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы аясында ұйымдастырылған Ұлттық-ойын Ұлт-қазынасы! атты тоғыз құмалақ және асық ойындары атты іс шарасы өтті.



Білім Олимпиадасының қорытындысы

Қазақ топтарынан			
	Аты-жөні	тобы	жетекшісі
I орын	1. Шалабай Нұрсезім 2. Инаятулла Фатима	5041 5041	Абдукадырова Ақтолқын Укибасова Мария
II орын	1. Избай Майра 2. Тұрысбек Ақнұр	141 5041	Абдашимова Феруза Укибасова Мария
III орын	1. Жолдас Айару 2. Момынқұлов Нұрдәулет	142 241	Абдашимова Феруза Абдукадырова Ақтолқын

Орыс топтарынан			
2024 – 2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ БІТІРУШІ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ СТУДЕНТТЕР ТІЗІМІ:

№	Студенттің аты-жөні	Туған күні, айы, жылы	Тобы	Мүгедектік тобы
1.	Мырзабек Инсана Қанатқызы	19.06.2004	411	II
2.	Жанабай Әлібек Нургалиұлы	05.01.2004	911	II
3.	Серикбай Ұлбала Мұратқызы	29.01.2005	113	III
4.	Жұмағали Заңғар Нұрланұлы	19.05.2006	113	II
5.	Жолдасбек Ернұр Ералыұлы	23.09.2004	111	III
6.	Клюс Роман Феликсович	24.10.2004	212	III
7.	Рахман Жеңіс Ордабекұлы	09.05.2004	223y	III
8.	Жунисбекова Инвира Марат қызы	26.04.2006	511	III
9.	Итен Ақан Қайратұлы	29.04.2005	128y	III
10.	Ахмет Ерсұлтан	15.08.2003	129y	I
11.	Смельцова Юлия Павловна	30.07.2004	120y	II
12.	Жарылқасын Алан Асланұлы	24.11.2003	1012	III
13.	Тайров Жақсыбек Алтынбекұлы	15.09.2005	1012	III
14.	Темирғали Дәулет Дарханұлы	16.01.2005	1013	III
15.	Торебеков Байзат Пернеханұлы	05.05.2005	1013	III
16.	Шукурбеков Едилкаган Азаматұлы	01.04.2004	1013	II

2024-2025 оқу жылындағы колледжішілік есепте тұратын студенттер тізімі

№	Студенттің аты - жөні	Тобы	Есепке алу себебі	Тәлімгері
1.	Дүйсенбек Бакдаулет Нурдаулетұлы	921	ҚР Қылмыстық Кодексінің 188-бабы 2- бөлігі 1-тармағында көзделген қылмыстық құқық бұзушылығын	Мусалиева Р.Қ.

			жасағаны үшін	
2.	Уразбай Даниял Ерболұлы	3041	31.10.2024 жылы соттын үкімімен ҚҚ-нің 194 бабы 2-бөлігінің 1),2) тармақтарымен қорқытып алу бойынша	Нысамбекова А.Қ.

2024 - 2025 оқу жылына арналған білім алушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында колледждің Шымкент қаласы Әл-Фараби ПББ-мен бірлескен жұмыс жоспары жасалып, бекітілген, жоспар бойынша жұмыстар атқарылуда. Барлық іс-шаралар әлеуметтік желілерінде жарияланды. Колледжішілік есепте тұрған «жайсыз» **отбасылар жоқ.**

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығына сәйкес девианттық мінез-құлық көрсететін білім алушылар туралы мәліметтер жиналды.

«Орта білім беру ұйымдарында мектепішілік есепке алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 03 наурыздағы №61 бұйрығына сәйкес құқық бұзушылық жасаған **2** студент колледжішілік есепке қойылды. Аталған студенттерге қатысты тәлімгерлер тағайындалып, жеке жұмыс жоспары, актілер және ата-аналар мен ювеналды полицияның учаскелік инспекторымен кездесулердің фотосуреттері қамтылған папкалар бар. Колледжішілік есепте тұрған әрбір білім алушы колледждегі түрлі бағыттағы үйірмелерге тартылып, студенттер бос уақыттарын тиімді пайдаланды.

Колледж ішінде құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша Кеңесінің жұмысы ұйымдастырылған. Тәртіп бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефон» платформаларының жұмысы жүргізілген. Балалардың құқықтарын бұзудың алдын алу және зорлық – зомбылықты болдырмау мақсатында отбасы, әйелдер және балалар мәселелері бойынша «111» бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығының номері ілінген, 111 QR коды жаңартылған. Балалардың құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған арнайы бейнероликтер барлық ата-аналар мен білім алушы студенттер арасында насихатталған <https://www.facebook.com/share/p/1C5ivyH2Ha/>.

Сонымен қатар, әлеуметтік педагогтардың студенттермен бос уақыттарын тиімді өткізу мақсатында колледждегі ұйымдастырылған түрлі үйірмелер мен іс – шараларға қатыстырылды:

Кәмелет жасына толмаған білім алушылары арасында суицидтің алдын алу, жасөспірімдердің өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында психолог маман Г.У.Абатовмен психологиялық кездесу (24.09.2024); Шымкент қаласы «Психикалық денсаулық орталығы» мекемесінің психологы Б.С.Арынтаевамен «Нашақорлық пен ішімдік» тақырыбында сұхбат (04.04.2025ж); Жастар ресурстық орталығының маманы Мөлдір Еркінбекқызы Алайдар, «Қоғамдық келісім» КММ-нің этносаралық қатынастар саласының мониторингі және ақпараттық-насихаттық жұмыстарды ұйымдастыру бөлімінің басшысы Нұржан Абдукаримов және Шымкент қаласының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу

орталығы» КММ-нің ақпараттық түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және үйлестіру бөлімінің теолог маманы Аманкелді Нұрдаулет «Дін және ұлттық тәрбие» тақырыбында кездесу (09.04.2025 ж); белсенді студенттері І-ІІІ курс топтарының білім алушыларынан жазғы кезеңде су айдындарындағы қауіпсіздік, биіктіктен, ашық тұрған терезеден құлаудың алдын алу мақсатында сұрақ-жауап алып, арнайы әзірленген үгіт-насихаттық жадынамалар мен парақшаларды тарқатып, түсіндірме жұмыстары (11.04.2025 ж); ҚР ТЖМ Шымкент қаласының Төтенше жағдайлар департаментінің жедел-құтқару жасағының бас құтқарушылары Ж.Түймелиев, Д.Нысаналиев, Е.Досалы жазғы кезеңде су айдындарындағы қауіпсіздік, жазғы саяхат, сондай-ақ үйдегі қауіпсіз жүріс-тұрыс, кәмелеттік жасқа толмаған балаларды қараусыз қалдырмау, биіктіктен, ашық тұрған терезеден құлаудың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары (21.04.2025 ж); Шымкент қаласы ПД Әл-Фараби аудандық АПБ ЖПҚ ЮПБ УПИ полиция майоры Д.А.Искакова және АПБ ЖПҚ ЮПБ УПИ полиция майоры А.Райымбековамен түсіндірме жұмыстары (23.04.2025 ж); Аль-Фараби ауданы Аналар кеңесінің төрайымы, Шымкент қалалық Аналар кеңесінің мүшесі Барлыбаева Тұрсынай Орынбекқызы Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына арналған құттықтау (08.05.2025 ж); ЖИТС орталығының маманы М.Г. Моисееваның қатысуымен «ЖИТС мәселелері және оның алдын алу шаралары» тақырыбында санитарлық-ағарту жұмысы (15.05.2025 ж); отбасын жоспарлау және саналы ата-ана болу мәселелері аясында 20-сәуір мен 20-маусым аралығында жоспарланған «Зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» және «Жастар зорлықсыз болашақты іргетас» тақырыбында сала мамандарымен психологиялық жеке қабылдаудан кездесу (15.06.2025 ж); «Заң және тәртіп» тақырыбында танымдық кездесу. (21.05.2025 ж); «Тәртіп – тән үшін, ынтымақ – жан үшін» тақырыбында Шымкент қаласы Полиция департаментінің Әл-Фараби аудандық полиция басқармасының Жергілікті полиция қызметі бөлімінің ювеналды полиция тобының инспекторы, полиция капитаны С.Ш.Полжанов пен полиция майоры Т.Б.Тогаевпен арнайы тағылымды кездесу (20.05.2025 ж); Практикалық психолог, гештальт-терапевт, Қазақстан Психологтар Одағының мүшесі Асанова Салтанат Сайлауқызының қатысуымен «Зорлықсыз отбасы – берік қоғамның негізі» атты консультациялық кездесу (22.05.2025 ж); «Таза сессия – 2025» акциясы аясында колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Э.Садыкованың оқу топтарының басшыларымен кездесу (10.06.2025 ж); 26 маусым – Халықаралық нашакорлыққа қарсы күрес күніне орай «ЖИТС мәселелері және оның алдын алу шаралары», «Есірткіні тұтынудың зияны мен қатерлі зардаптары» тақырыптарында ЖИТС орталығының маманы М.Г. Моисеевамен санитарлық-ағарту жұмысы (11.06.2025 ж); 26 маусым – Халықаралық нашакорлыққа қарсы күрес күніне орай, колледжімізде «АИТВ-инфекциясының алдын алу» және «Есірткіні тұтынудың зияны мен қатерлі зардаптары» тақырыптарында эпидемиолог-дәрігер Даулеткулова Рыскүл Кумусбековнамен кездесу (12.06.2025 ж); 26 маусым – Халықаралық нашакорлыққа қарсы күрес күніне орай «Менің баламам / Моя альтернатива» тақырыбында фотогалерея (13.06.2025 ж); 26 маусым - Халықаралық нашакорлыққа қарсы күрес күніне орай «Спорт нашакорлыққа қарсы» атты спорттық іс-шара (13.06.2025 ж); 26 маусым - Халықаралық нашакорлыққа қарсы күрес күніне орай «Психикалық денсаулық орталығы» МКК-ның нарколог маманы Р.А.Баймурунова «Нашакорлық маған жат!» тақырыбында түсіндірме жұмыстары (16.06.2025 ж).

Жеке қауіпсіздік сабақтары бойынша колледж студенттері жеке қауіпсіздігі туралы білімді анықтау барысында анкета жүргізілді (27.09.2024 ж); 2024-2025 оқу жылының емтихан сессиялары кезінде «Таза сессия» кең ауқымды сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауалнама (12.01.2025 ж), (10.06.2025ж); Ұлттық волонтерлер желісі «**Birgemiz:areket yaqyty**» Ұлттық волонтерлер фронт-офисінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі жобаны іске асыру, волонтерлік саладағы әлеуметтік бастамаларды ілгерілетуге бағытталған «**Волонтерлік салаға қоғамдық сенім деңгейін бағалау**» тақырыбындағы сауалнама (25.06.2025 ж).

Барлық өткізілген іс-шаралардың фото және бейне есептері тіркеліп, әлеуметтік желілерге жарияланған.

Педагог-психологтың қызметі Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қолданыстағы заңнамалары мен нормативтік-құқықтық актілеріне сүйене отырып жүзеге асырылады. Атап айтқанда, жұмыс барысында келесі нормативтік құжаттар басшылыққа алынды: Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы; Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы; Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы"; Мектепке дейінгі ұйымдардың және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының № 130, № 377 бұйрықтарына сәйкес 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары құрылып, диагностикалық, консультациялық, дамытушылық (түзету), психологиялық-педагогикалық ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттар бойынша жұмыс жүргізілді.

I. Диагностикалық бағыт.

I - III курс кәмелеттік жасқа толмаған студенттерінің ата-аналарынан психологиялық-педагогикалық жұмыстар жүргізуге келісім шарт жасалынды.

Курс	Студент саны	Келісім берілген	Келісім бермеген
I курс	433	338	95
II курс	431	342	89
III курс	435	205 (қалғаны 18 жасқа толғандар)	17

Психологиялық зерттеу бойынша колледждің I - IV курс студенттерінің психологиялық - эмоционалды көңіл-күйін, темпераментін анықтау үшін **Г.Айзенктің**

«Тұлғаның психологиялық жағдайын анықтау» сауалнамасы жүргізілді. Сауалнамаға 1052 студент қатысты.

Курс	Флегматик	Сангвиник	Холерик	Меланхолик
I курс	136	125	13	15
II курс	135	95	18	8
III курс	123	88	19	7
IV курс	138	93	22	17

Сауалнама нәтижесінде жоғары деңгейдегі алаңдаушылық, эмоционалдық тұрақсыздық белгілері байқалған студенттер іріктеліп, олармен психологиялық кеңестер мен түзету-дамыту бағытындағы тренингтер ұйымдастырылды. Сонымен қатар аталған студенттердің кураторларымен тығыз байланыс орнатылып, олардың әрқайсысына жеке мінездемелер алынды. Мінездемелер мен сауалнама нәтижелері негізінде кураторлармен және ата-аналармен психологиялық сұхбаттар жүргізілді. Жүргізілген жұмыстар студенттердің психологиялық хал-ахуалын жақсартуға, олардың оқу процесіне бейімделуіне және өзін-өзі тануына ықпал етті (18-26.12.2024ж).

Студенттердің зиянды әрекеттерге деген көзқарасын анықтау және алдын алу мақсатында **"Зиянды әрекеттерге көзқарасың"** тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнамаға 282 студент қатысты. Жасөспірімдер арасында кеңінен тараған зиянды әрекеттерді анықтау мақсатында Сіздің ойыңызша, төмендегі әрекеттер зиянды ма? «Иә»: 86,7% - шылым шегу, 90,3% - ішімдік ішу, 91,7% - Құмар ойын ойнау, 73,6% - Интернетке тәуелділік, 66,3% -

Энергетикалық сусындарды ішу. Сіздің достарыңыздың арасында осындай әрекеттермен айналысатындар бар ма? – деген сұраққа «иә»-29,9%, «жоқ»-43,8%, «білмеймін»-26,4%. Өзіңіз өміріңізде осындай әрекеттерді жасап көрдіңіз бе? – деген сұраққа «Иә, бір немесе бірнешеуін»-15,3%, «Жоқ, ешқашан»-76,4%, «Жауап бергім келмейді»-8,3%. Зиянды әрекеттерге итермелейтін негізгі себептер қандай деп ойлайсыз? – деген сұраққа: Қызығушылық-86 (60,1 %), Достардың әсері-70 (49 %), Отбасындағы қиындықтар-32 (22,4 %), Бос уақыттың көптігі-42 (29,4 %), Интернет/әлеуметтік желілер-48 (33,6 %), Өз-өзіне сенімсіздік-30 (21 %), Басқалардан ерекшелену ниеті-34 (23,8 %) деп жауап берді.

I курс студенттерінің психологиялық-эмоционалдық жағдайын бағалау және аутодеструктивті мінез-құлық белгілерін анықтау мақсатында Зунгтың депрессия деңгейін анықтау шкаласы бойынша сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде жеңіл, орташа депрессиялық бұзылысы бар психологиялық қолдауды қажет ететін студенттер анықталды.

Жеңіл депрессиялық бұзылыс: 146 топ – Икрамова Зайнап, 5042 топ - Дудкина Виктория, 941 топ – Керімбай Әділғазы. Орташа депрессиялық бұзылыс: 841 топ – Нұрмахан Шалқар, 941 топ – Мәжит Алихан. Анықталған студенттермен жеке психологиялық кеңестер өткізілді, олардың кураторларымен жеке әңгімелесулер жүргізілді. Сонымен қатар ата-аналармен де байланыс орнатылып, психологиялық әңгіме барысында баланың

эмоционалдық жағдайы мен қолдау қажеттілігі туралы ақпарат берілді. Жалпы алдын алу және психологиялық көмек көрсету мақсатында студенттерге арналған психологиялық тренингтер мен семинарлар ұйымдастырылды. Бұл шаралар студенттердің психологиялық тұрақтылығын арттыруға, ішкі күйзелісті жеңуге және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға бағытталды (24-28.03.2025ж).

II. Консультативтік бағыт.

2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес жеке кеңес беруді есепке алу журналы жүргізілді. Аталған талапқа сәйкес, колледж студенттерімен өткізілген барлық жеке кеңес беру жұмыстары арнайы есеп журналына тіркеліп отырды. Кеңеске жүгінген және психологтың бастамасымен қамтылған студенттермен жеке әңгімелер, психодиагностикалық жұмыстар және психологиялық қолдау шаралары ұйымдастырылды. Кеңес беру барысында студенттің мәселелері, оның эмоционалдық-психологиялық жағдайы ескеріліп, қажетті жағдайларда ата-аналар мен кураторлар да тартылды. Жеке мәселелеріне байланысты студенттердің ұсынысымен жеке психологиялық консультация алуға Тұрысбек Ақнұр 5041, Шалабай Нұрсезім 5041, Жарқынбек Рауан 641 тобының студенттері келді. Әрбір психологиялық қабылдауға келген студенттермен жеке психологиялық кеңес беріліп, қолдау көрсетілді.

«**Мен өмірге күштармын**» тақырыбында II курс білім алушыларымен мотивациялық семинар өткізілді. Кездесудің мақсаты: Студенттерге өмірге деген оң көзқарасты қалыптастыру, өзін-өзі дамытуға ынталандыру және қиын өмірлік жағдайларды еңсеру дағдыларын үйрету. Іс-шара барысында студенттерге позитивті ойлаудың маңыздылығы, өзін-өзі бағалауды арттыру жолдары және стрессті басқару әдістері түсіндірілді (11.12.2024ж);

«**Сессияға сеніммен!**» тақырыбында I курс білім алушыларымен психологиялық тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты: студенттерге сессия алдындағы қобалжуды жеңу жолдарын көрсету, ішкі сенімділікті арттыру және стрессті басқару дағдыларын дамыту. Шара барысында релаксациялық жаттығулар, өзін-өзі тануға бағытталған психологиялық ойындар мен жағдаяттық тапсырмалар қолданылды. Сонымен қатар, студенттермен кері байланыс жүргізіліп, олардың ішкі күйзелістерін жеңуге көмектесетін практикалық кеңестер берілді. Тренингке қатысқан білім алушылар белсенділік танытып, сессияға деген сенімді көзқарас қалыптастырды (13-17.01.2025ж);

«**Қауіпсіз интернет - заман талабы**» тақырыбында II курс студенттерімен психологиялық тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты – студенттердің интернет кеңістігін қауіпсіз пайдалану мәдениетін қалыптастыру, интернеттегі психологиялық қауіптер туралы түсініктерін кеңейту және олардың психологиялық қорғаныс дағдыларын дамыту. Тренинг барысында интернеттегі кибербуллинг, фишинг, виртуалды тәуелділік сияқты қауіптер талқыланды. Студенттермен қауіпсіз мінез-құлық ережелері, шынайы және жалған ақпаратты ажырату жолдары бойынша жаттығулар жүргізілді. Сонымен қатар, топтық пікірталастар ұйымдастырылып, жасөспірімдердің желідегі белсенділігіне психологиялық талдау жасалды.

Шара соңында қатысушыларға интернетті саналы әрі қауіпсіз пайдалану бойынша нақты ұсыныстар берілді (17.01.2025ж.);

«Сенім мен сыйластық буллингке тосқауыл» тақырыбында I-II курс студенттерімен психологиялық тренинг өткізілді. Тренинг мақсаты: студенттер арасында сенім мен сыйластықты нығайту, буллинктің алдын алу және салауатты қарым-қатынас орнату. Шара барысында қатысушыларға буллинг ұғымы, оның түрлері (физикалық, психологиялық, әлеуметтік және кибербуллинг) және оның салдары туралы ақпарат берілді. Топтық жұмыс барысында «сыйластық», «эмпатия» секілді ұғымдардың маңыздылығы ашылып, қатысушылар салауатты қарым-қатынас құрудың негізгі қағидаларымен танысты (13-24.01.2025 ж);

«Өмір – ең үлкен сый» тақырыбында 532ж, 132, 941, 341, 141 тобының студенттерімен психологиялық тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты – студенттердің өмірдің баға жетпес құндылық екенін түсінуіне ықпал ету және өмірге деген оң көзқарасты дамыту. Тренинг барысында қызықты ойындар мен түрлі жаттығулар жүргізіліп, студенттердің эмоционалдық жағдайын жақсартуға, мотивациясын арттыруға және өз мүмкіндіктерін толық жүзеге асыруға қолайлы орта жасалды. (14.03.2025ж);

«Өзінді бағалау – сенімді өмірдің бастауы» тақырыбында 143, 5041 топ студенттерімен психологиялық тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты – студенттердің өзіндік құндылығын сезінуін дамыту, өзіне деген сенімділігін арттыру және өмірлік ұстанымдарын нығайту. Тренинг барысында қызықты ойындар мен түрлі жаттығулар ұйымдастырылып, қатысушылардың эмоционалдық күйін тұрақтандыруға, ынтасын жоғарылатуға және жеке қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берілді (19.03.2025ж);

«Сенімді сессия – сенімді студент» тақырыбында I курс студенттері арасында тренинг жүргізілді. Тренингтің мақсаты алдағы сессияға дайындық кезеңінде студенттердің бойындағы қобалжуды жеңілдету, өз-өзіне деген сенімділікті арттыру және күйзеліс деңгейін төмендету жолдарын үйрету. Тренинг барысында студенттер релаксация техникасын меңгеріп, эмоцияларын басқаруға арналған ойындар ойнады. Сонымен қатар, олар қобалжыған сәтте не істейтіндерін бір-бірімен бөлісіп, тәжірибе алмасты. Бұл өзара қолдау мен түсіністік атмосферасын қалыптастыруға ықпал етті (27.05.2025ж.);

«Кез келген мәселе маңызды» тақырыбында I курс студенттері арасында тренинг жүргізілді. Тренинг мақсаты – сессия алдындағы қобалжуды жеңу жолдарын көрсету, студенттерге психологтың көмегіне жүгінудің маңыздылығын түсіндіру, сенімділікті арттыру. Түсіндірме барысында кез келген сұрақтың елеусіз қалмауы тиіс екені, әрбір студенттің психологиялық жағдайы маңызды екені ерекше атап өтілді (10.06.2025ж.).

III. Дамытушылық (түзету) бағыт.

«Психологиялық қолдау орталығының» әдіскер маманы Г.Т.Имашевамен білім беру процесінде қатысушылардың психологиялық әл-ауқатын сақтау және нығайтуға бағытталған өңірлік қолдау көрсету мақсатында **«Ашық есік»** күні ұйымдастырылды. Іс-шара **«Балалардың психологиялық әл-ауқатын және құқықтарын қорғауды кәсіби қолдау»** атты АШЫҚ ЕСІК күніне орай **«Өмірлік мақсатқа жету және өзіндік анықталу»** тақырыбында білім алушылармен өз тұлғалық ерекшеліктерін бағалау, өмірдегі шынайы мақсаттарын іздеу, болашаққа деген позитивті көзқарасты қалыптастыру аясында ашық пікірталастар, сондай-ақ еліміздегі Бала құқықтары жөніндегі уәкілмен бірлесе қолға алынған балалар құқықтарын қорғауда құқықтық, ұйымдастырушылық және психологиялық

көмек көрсету мақсатында «111» байланыс орталығының QR-кодтары туралы түсіндіру жұмыстары өткізілді. Сонымен қатар, колледж студенттерінің ата-аналарымен «Бақытты ата-ана=бақытты бала» тақырыбындағы тренингте отбасы құндылықтары мен ата-ана жауапкершілігінің маңыздылығы және ата-аналар мен бала арасындағы тәрбиелік қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Ашық микрофон арқылы» сұрақтар қойып кері байланыс жүргізілді (25.04.2025ж.);

«Зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» және «Жастар – зорлықсыз болашақтың іргетасы» тақырыптарында кездесу өткізілді. Кездесудің негізгі мақсаты – жастар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу, олардың құқықтық және психологиялық сауаттылығын арттыру, қоғамда бейбіт әрі қауіпсіз орта қалыптастыру. Сондай-ақ, жастардың өз құқықтары мен міндеттері туралы білімін тереңдету және зорлық-зомбылық жағдайында көмекке жүгіну жолдарын үйрету көзделді. Кездесу барысында студенттерге зорлық-зомбылықтың түрлері, оның психологиялық және әлеуметтік салдары жайлы мәліметтер беріліп, нақты өмірлік жағдайлар мысалында талдау жүргізілді. Қатысушылармен интерактивті сұрақ-жауап, топтық талдау, пікір алмасу арқылы жұмыс жүргізілді. Психолог және құқық қорғау өкілдері студенттерге зорлық-зомбылыққа тап болған жағдайда қайда және қалай жүгіну керектігін түсіндіріп, қажетті байланыс деректерін ұсынды. Кездесу соңында студенттер бейбіт өмір мен өзара сыйластықтың қоғам үшін маңыздылығын ұғына отырып, белсенді азаматтық ұстаным қалыптастырудың жолдарын қарастырды. Кездесуге практикалық психолог, гештальт-терапевт, Қазақстан Психологтар Одағының мүшесі С.С.Асанова, «Жастар ресурстық орталығының басшысы А.Қ.Шынтореева қатысты (15.05.2025ж.);

«Зорлықсыз отбасы – берік қоғамның негізі» тақырыбында практикалық психолог, гештальт-терапевт, Қазақстан Психологтар Одағының мүшесі- Асанова Салтанат Сайлауқызы консультациялық кездесу өткізді. Іс-шараның мақсаты - қоғамда зорлық-зомбылықты болдырмау, оның алдын алу және зардап шеккендердің құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адам құқығын қорғау, зорлық- зомбылықтың барлық түрлерін жою, алдын алу және хабардарлықты арттыру. Кездесу барысында студенттер өз пікірлерін білдіріп, сұрақтар қойып, отбасылық құндылықтар мен зорлық-зомбылықтың алдын алу жолдары туралы маңызды ақпараттар алды (22.05.2025ж.);

«Отбасы құндылықтары» тақырыбында «Право» ҚҚ психологы Амирбекова Роза, медиатор Имашова Гүлсін II-III курс студенттері арасында түсіндірме жұмыстары жүргізді. Мақсаты: жастардың отбасылық өмірге дайындығын арттыру, отбасылық құндылықтардың маңызын насихаттау, құқықтық сауаттылығын жетілдіру, сондай-ақ өзара сыйластық, түсіністік пен жауапкершілікке негізделген сауатты және тұрақты отбасын құруға бағыттау. Кездесу барысында отбасы институтының қоғамдағы рөлі, ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті, жанжалдардың алдын алу және отбасындағы құқықтық жауапкершілік туралы кеңінен айтылды. Іс-шара жастардың отбасыға деген көзқарасын қалыптастыруға және болашақ өмірлеріне саналы түрде дайындалуына ықпал етті (30.05.2025ж.).

IV. Психологиялық-педагогикалық ағарту.

«ТЖКББ студенттерді психологиялық қолдау қағидалары және амалдары» тақырыбында «Психологиялық қолдау орталығы» әдістемелік бөлім әдіскері Г.Т.Имашева семинар өткізді. Семинар жиналысына колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі

орынбасары Ж.Э.Садықова және педагог-психолог А.Т. Жанарбек қатысты. Іс-шара барысында ТжКББ ұйымдарында психологиялық қызмет мамандарының жұмысын үйлестіру жолдары, білім алушыларды психологиялық қолдау қағидалары, білім алушыларды психологиялық қолдау амалдары туралы айтылды (13.12.2024 ж.);

«Жасөспірімдер мен жастар арасында девиантты мінез-құлық пен суицидтің алдын алу мәселелері» тақырыбында педагог-психологтарды оқыту семинары өткізілді.Семинар мақсаты: Педагог-психологтардың жасөспірімдер мен жастар арасында кездесетін девиантты мінез-құлық пен суицидтің алдын алу бойынша кәсіби құзыреттілігін арттыру, олардың психологиялық қауіпті мінез-құлықты ерте кезеңде анықтау және тиімді араласу дағдыларын жетілдіру (25.12.2024 ж.);

«Психологиялық қолдау орталығы» әдістемелік бөлім әдіскері Имашева Г.Т. «Оқу-тәрбие үдерісіндегі өзекті мәселелер» тақырыбында онлайн супервизия өткізді. Супервизияға колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Садықова Ж.Э., колледж педагог-психологтары Жанарбек А.Т., Төлеген Ұ.Қ. қатысты (17.01.2025 ж.);

«Кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлық әрекеттерінің алдын-алуда психологиялық қызмет мамандарының әрекеттері» тақырыбында «Психологиялық қолдау орталығы» әдістемелік бөлім әдіскері Имашева Гулнар Тутқабайқызы әдістемелік күн өткізді. Семинарға Шымкент қаласының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының психологиялық қызмет мамандары қатысты (22.01.2025 ж);

«Психологтардың кәсіби тәжірибе алмасуы: құжаттармен жұмыс жүргізу және іс-тәжірибе бөлісу» тақырыбында әдістемелік күн өткізілді. Мақсаты: Педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, құжаттамамен жүйелі жұмыс жүргізу тәжірибесін жетілдіру және студенттермен жұмыста қолданылатын заманауи әдістемелермен тәжірибе алмасуға жағдай жасау.Әдістемелік күнге Шымкент қаласының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының психологиялық қызмет мамандары қатысты (28.01.2025 ж);

«Бақыттың кілті-өзінде!» тақырыбында Шымкент қаласы ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен психологиялық кездесу өткізілді.Семинар мақсаты: жастардың өсіп дамуына қолайлы психологиялық, әлеуметтік жағдай жасау сондай ақ қоғамда болып жатқан мәселелерді кеңінен талқылау. Жас психолог мамандармен тәжірибе алмасу.Кездесуге Шымкент қаласының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының психологиялық қызмет мамандары қатысты (29.01.2025 ж);

«Колледж студенттерінің психоэмоционалды тұрақтылығын қалыптастыру» әдістемелік күн өткізілді.Іс шара мақсаты Колледж студенттерінің психоэмоционалды тұрақтылығын қалыптастыруға ықпал ету, олардың эмоционалдық жағдайының оқу процесіне әсерін түсіндіру, эмоцияларды басқару дағдыларын дамыту және кәсіби тәжірибе алмасу алаңын құру. Әдістемелік күнге «Психологиялық қолдау орталығы» әдістемелік бөлім әдіскері Имашева Гулнар Тутқабайқызы, Шымкент қаласының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагог-психолог мамандары қатысты (06.02.2025 ж);

«Педагог-психолог жұмысындағы консультация» тақырыбында «Психологиялық қолдау орталығы» әдістемелік бөлім әдіскері Г.Т.Имашева шебер-сыныбын өткізді.Шебер-сынып барысында педагог-психолог қызметіндегі консультацияның маңызы, оны жүргізу әдістері мен тиімді тәсілдері талқыланды. Қатысушылар тәжірибелік жұмыстарына арналып әртүрлі психологиялық жағдайларда қолданылатын консультация беру әдістерін

менгерді. Шебер сыныпқа Шымкент қаласының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының психологиялық қызмет мамандары қатысты (05.03.2025 ж.);

«Бұйрықтар және педагогтің кәсіби жауапкершілігі: Заңды аспектілер» тақырыбында колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Э.Садыкова және педагог-психолог Ұ.Қ.Төлеген оқытушылармен семинар өткізілді. Семинар барысында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің №377 бұйрығына сәйкес психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары және № 506 бұйрығына сәйкес буллингтің профилактика қағидалары түсіндірілді (03.04.2025 ж.).

V. Ұйымдастыру-әдістемелік бағыт.

«Кәмелетке толмағандар арасында өз-өзіне қол жұмсауға итермелеу фактілерін зерделеу және алдын-алу шаралары» бойынша ата-аналар жиналыстарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жиналыс мақсаты: Кәмелетке толмағандар арасында өз-өзіне қол жұмсауға итермелеу жағдайларының алдын алу, осындай әрекеттердің себептері мен белгілерін ата-аналарға түсіндіру, балалардың психикалық саулығына назар аудартуға ықпал ету, ата-аналардың психологиялық және құқықтық сауаттылығын арттыру. Сонымен қатар, ата-аналар мен балалар арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту, қауіптің алдын алуға бағытталған әрекеттер мен қолдау ресурстары туралы ақпарат беру (10.12.2024 ж.).

Педагог-психолог Ұ.Қ.Төлеген 2024-2025 оқу жылында қатысқан **оқу практикалары**. «Жасөспірімдер мен жастар арасында девиантты мінез-құлық пен суицидтің алдын алу мәселелері бойынша» оқыту семинары. Оқыған уақыт: 25.12.2024ж. Оқыған ұйымның атауы: «Қоғамдық денсаулық сақтау институты». Сағаты: 8 сағат №110.

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы №377 бұйрығына және «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына сәйкес «Политехникалық колледжі» МКҚК – нің 2023 - 2024 оқу жылындағы психологиялық – педагогикалық қолдау көрсетілетін студенттер тізімі

№	Студенттің аты - жөні	Тобы
1.	Сексенбай Талшын Алдиярқызы	131
2.	Хаджиметов Амирбек Махсатович	127

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы негізінде девиантты мінез-құлықты білім алушыларды есепке алу журналы арналып, студенттер есепке алынды. Колледішілік есепте тұрған әрбір білім алушыға тәлімгер тағайындалып, жеке жұмыстар жүргізілді. Колледждегі түрлі бағыттағы үйірмелерге тартылып, студенттер бос уақыттарын тиімді пайдаланды.

Шымкент қалалық Политехникалық колледжінің студент жастарына арналған үйірмелер туралы ақпараттары 2024-2025 оқу жылы

№	Жастарға арналған үйірмелер, клубтар, орталықтар және т.б атауы	Жауапты маманның аты-жөні
---	---	---------------------------

1.	«Қазақшаңыз қалай?»	Р.М.Утебаева М.А.Укибасова
2.	«Шешендік өнер және тіл мәдениеті»	А.Ж.Абдукадырова Ф.К.Абдашимова
3.	«Пегасы»	Г.У. Федорова
4.	«Занимательная грамматика»	Р.Т. Амалбекова
5.	“We speak English”	Г.С.Елбасиева
6.	“The necessity of learning English”	Р.С.Ермекова
7.	“Speaking English”	Н.Г.Гумерова
8.	“Don’t be afraid to make mistakes”	А.Б.Жолаева
9.	«Қозғалыс» студенттік дебат клубы	Ш.Ж. Дуйсенова
10.	«Көшбасшы» - студенттік дебат клубы	З.А. Мырзатаева
11.	«Достық» студенттік клубы	Б.С. Заурбекова З.У. Маханова
12.	«Саналы ұрпақ»	К.С. Пірназарова
13.	«Отандық тарихшы»	Н.Ж. Амирбекова Г.У. Аманбекова
14.	«Өлкетану»	Г.К. Қазбекова
15.	«3 D модельдеуші»	Г.А.Джантурсынова
16.	«Жасанды интелект жүйелері	Т.Е.Орынбасарова
17.	«Айтиландия»	М.К.Агатаева
18.	«Робототехника»	А.Қ. Шакирова
19.	«FLASH бағдарламашы»	А.А. Шойымбаева
20.	«Жасанды интелект мүмкіндіктері»	Р.А. Тулепбергенова
21.	«Жүйелік администратор»	Б.Б. Досболов
22.	«Интернет изнутри»	А.А.Абдраманова
23.	Дизайн-студия	Ж.Р. Абдикадырова
24.	Компьютерлік желілер	С.К. Пернеев
25.	«Математика тарихы»	М.Б.Мамырбекова
26.	«Математический калейдоскоп»	Н.А.Мусабекова
27.	«Компьютерный мир»	Т.А.Амирбекова
28.	«Жас физик»	Э.И.Ахметалиева
29.	«AutoCAD жобалаушы»	М.С.Налибаев
30.	“Микросхема”	Б.Л.Алтынова
31.	«Delphi тілі бағдарламасының мүмкіндіктері»	К.К.Битемирова
32.	«Жасанды интелект және машиналық оқыту»	Р.К.Мусалиева
33.	«Дербес компьютерлерді жөндеу және баптау»	М.Б.Досмаилов
34.	«Электроснабжение»	Г.Ж. Толыбаев
35.	«Освещение»	А.М. Таттибаева
36.	«Жас жылуэнергетик»	А.Ә. Сейтжан
37.	«Электромашина»	А.Қ. Нысамбекова
38.	«Электромашина»	У.А. Абдукадинова
39.	«Охрана труда»	М.М. Калашова
40.	«Жас маман»	М.Р. Тулеметова
41.	«Жас энергетик»	А.С. Ахметова
42.	«Айнымалы тоқ»	Ж.У.Нұранова
43.	«Үстел теннисі» (қыздар, ұлдар)	Ә.Д. Аширов
44.	«Футбол» (ұлдар)	М.С.Сатканов
45.	«Волейбол» (ұлдар)	Е.А.Узбеков
46.	«Волейбол» (қыздар)	Р.Т.Пазылов

47.	«Тоғызқұмалақ, Шахмат, Асық»	А.Қ.Баймахан
48.	«Баскетбол» (қыздар, ұлдар)	А.К.Батырбекова
49.	«Мұнайшы»	П.Т.Мергенбаева
50.	«Нефтянник»	Ф.Г. Магзумова
51.	«Процессы и аппараты»	Г.К.Алжанова
52.	«Жас Химик»	Г.А. Турисбекова
53.	«Жас Химик»	Л.А.Наушабаева
54.	«Жас Биолог»	Л.Б. Оразова
55.	«Сандық телефон»	Д.А. Сыздыкова
56.	«Жас байланысшылар»	Г.Ш. Бейімбет
57.	«Жас арнашы»	К.Ж. Жунисбекова
58.	«Байланыс операторы»	Н.С. Ешетова
59.	«Чертежник»	Ж.О. Тажбенова
60.	«Архитектурный дизайн»	А.Н Андакулова
61.	«Сәулеттегі ғимаратты ақпараттық жобалау және модельдеу»	А. Қ. Бейсенали
62.	«Радиобайланыс негіздері»	М.П.Мусаева
63.	«Проектировщик»	Н.Қ. Досыбаев
64.	«Специалист»	Б.М. Шерипбеков
65.	«Электронщик»	Ш.Т. Тайшева
66.	«Кәсіпкерлік және бизнес»	А.К. Буркутбаева А.Е. Курбанбаева Ж.З. Кожатаева
67.	«Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубы	М.У. Қалыбеков М.С. Азбергенов
68.	«StudLife» студенттік парламенті	Д.Е. Сайлау

Жастар арасында фан-клубтардың жұмысын дамыту үшін кеңінен насихаттау, жанкүйерлерінің мүдделерін толық қамтамасыз ету үшін фан-қозғалыстың қажетті құрылымын құру оқыту шараларын ұйымдастыру мақсатында «Шымкент жастар лигасы» жобасы аясында **колледж Фан-клуб командасы** құрылды (жетекшісі С.Пернебай)

Бүгінгі таңда студент жастардың азаматтық позициясын, сыни ойлауын, логикасын арттыратын, оқушының тұлғалық дамуына әсер ететін пікірсайыстар трендке айналууда. Қазақстандағы мектеп оқушылары мен студенттерінің пікірсайыс қозғалысының жалпыұлттық мәдени-ағартушылық жобасының Тұжырымдамасына сәйкес колледжде студенттік **«Пікірсайыс»** (жетекшісі Дуйсенова Ш.) және **«Көшбасшы»** (жетекшісі Мырзатаева З.) студенттік дебат клубтары жұмыс жасап келеді. Құрамында **50** білім алушы.

2024-2025 оқу жылы барысында «Пікірсайыс» және «Көшбасшы» дебат клубтарының құрамы төмендегідей пікірсайыс алаңына қатысты және үлкен жетістіктерге қол жеткізе білді:

Жеке тұлғаның үйлесімді дамуын, қазақстандық патриотизмді, азаматтық бірегейлікті және толеранттылық мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз ететін ең тиімді интеллектуалды құрал ретінде студенттерді пікірсайыс қозғалысына тарту жұмыстары жалғасуда. Топтар, курстар арасында өзекті тақырыптар мен мәселелер бойынша пікірсайыс турнирлері өткізіледі.

Тәрбие жұмысын нақтылау мақсатында колледжде Жастар комитеті құрамдас бөлігі болуы тиіс шын мәнінде жұмыс істейтін қызығушылық клубтарын ғана қалдыру жоспарлануда. ҚДМ студенттерді түрлі іс-шараларды өткізеді және оларға

қатыстырады. Қызығушылық клубтарын студенттердің өздері қаласа басқара алады. Ол үшін жыл басында оқу бөлімінің өкілдері директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен бірлесіп, әр топпен жұмыс істеп тұрған үйірмелер мен үйірмелер бойынша таныстыру жұмыстарын жүргізеді. Үйірмелердің аттары, жетекшілердің телефондары студенттер мен олардың ата-аналары топтарының Whatsapp чаттарына қосымша жіберіледі.

Жыл бойы «Development Day» студенттердің даму күндері де өткізілді. Бұл күні әрбір студент кез келген қызығушылық клубтарына еркін бара алады, бір уақытта өтетін пікірсайыстарға, семинарларға, спорттық шараларға, жарыстарға, экскурсияларға қатыса алады. Бұл күні қызметкерлер, студенттер мен оқытушылар, егер қаласа, бұрын Даму күні бағдарламасына тіркеліп, өздері семинар өткізе алады. Осындай іс-шараларға ең алдымен аз қамтылған, көп балалы және толық емес отбасылардан шыққан, сондай-ақ профилактикалық есепте тұрған оқушылар тартылады.

Тәрбиелік мәні терең, спортқа итермелейтін қысқаметражды фильмдерді көрсету жиі тәжірибеге айналды.

Студенттер тұрақты негізде әртүрлі жарыстарға қатысады: Hackathon, «Мен кәсіпкермін» Гранд турнирі.

Сонымен қатар, Шымкент қаласы Политехникалық колледжінде дәстүрге айналған «**Politeh úzdikteri-2024**» атты білім алушылар арасында жылдың үздік номинацияларын тапсыру салтанаты. «Politeh úzdikteri-2024» жылдың үздік номинацияларына лайықты деп танылған жастар:

«Үздік студент - 2024» - Абдукаримов Акрамжан Анварбекович (115 тобы);
«Үздік топтар -2024» – 124 тобы, 331 тобы, 211 тобы, 931 тобы, 531 тобы;
«Үздік спортшы - 2024» – Давыдов Никита (212 тобы);
«Үздік жатақхана ұлдар бөлмесі- 2024» – Калбай Бекболат Сабитұлы (5021 тобы);
«Үздік жатақхана қыздар бөлмесі-2024»-Әленова Жұлдызай Бағланқызы (129у тобы);
«Үздік оқырман - 2024» – Мамбетали Эльмира Булатқызы (128у тобы);
«Үздік дебатшы - 2024» – Сейдалы Рамазан Әлиұлы (1021 тобы);
«Үздік дебатшы - 2024» – Қонысбек Нұркен Жүнісұлы (124 тобы);
«Үздік волонтер - 2024» – Нурмуханбетова София Мұратқызы (1031 тобы);
«Үздік күйші - 2024» - Хамитов Алмаз Сабитұлы (211 тобы);
«Мақсатты студент» - Ахмет Ерсұлтан Алимбекұлы (129у тобы);
«Дарынды студент» - Вилор Сабина Тахировна (126 тобы);
«Би жұлдыздары» - «GREEN» фан-клубы;
«Куратор - ұйымдастырушы» - Гумерова Наилия Галиевна
«Әділ куратор» - Алжанова Гульмира Кылышбековна
«Қамқор куратор» - Кембаева Жаннұр Куралбаевна

Сондай ақ, колледжде студенттерге оқытушылармен бірге оқу үдерісіне қатысуға нақты мүмкіндіктер беріледі. Бірлескен әлеуметтік іс-әрекет негізінде балалар мен ересектердің өзара әрекеттестігінің бұл түрі жеке және ұжымдық қарым-қатынастардың өзіндік тәжірибесі бар әртүрлі ұрпақтар арасындағы сындарлы диалогтың жолы болып табылады.

Оқушылармен жұмыс жасауда оқу-тәрбие процесінде сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың инновациялық әдістері, формалары, үлгілері қолданылады, мысалы: TedX форматындағы кездесулер; Печа Куча ойындары; атақты адамдармен кездесулер;

қайырымдылық әлеуметтік жобалар; қаланың мәдени көрікті жерлеріне экскурсиялар; колледж серіктестерімен ынтымақтастық.

Колледж әкімшілігімен тәрбие үрдісін өткізуде, яғни ТОҚ, интерактивті жабдықтарды, спорттық мүліктерін алу үшін жақсы жағдайда қамтамасыз етілген. Тәрбие үрдісінің ақпараттық және кітапханалық қамтамасыз етілуі қазақстандық патриотизмге, оқушылардың эстетикалық тәрбиесінің қалыптасуына, сонымен қатар саяси, ғылыми-дәріптеуші шығармашылық және арнайы әдебиеттерді насихаттауына бағытталған.

Колледж әлеуметтік серіктестік субъектілерімен қарым-қатынастарды кеңейтеді. Мемлекеттік емес мекемелердің өкілдерімен, мекемелермен және емдеу ұйымдармен қатынас жасайды. Жыл сайын шығармашылық адамдар, қоғам қызметкерлері, медицина қызметкерлері, ардагерлер және құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырып өткізеді. «Жастар рұхы» ЖК, қалалық әйелдер Ассоциациясының өкілдерімен, «Аманат» Республикалық партияның қалалық филиалымен, жастар орталығымен, театрмен және т.б. ресми қатынас құрған.

Колледж оқушылары арасында жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында оқушылардың түрлі сала бойынша қызмет көрсете білуі үшін Жастар ісі жөніндегі Комитет жұмыс істейді. Жастар ісі жөніндегі Комитет конференциялар, дебат, әртүрлі акциялар және конкурстар ұйымдастыру арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді.

Ұжымдық – шығармашылық істер (КТД) түрінде өткізіледі: “День первокурсника”; Жаңа жыл мейрамдары, түлектер үшін кештер, КТК отырысы және т.б.

Көркем өнерпаздар қатысушылары облыс және қала өткізген барлық концерттерде белсенді қатысты. Ең озықтарға дипломдар, үстеме сыйлықтары және алғыс хаттар тапсырылды.

2024 жылы, қыркүйек. IV курс 3011 тобы студенті Серікұлы Аңсар Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою саласындағы волонтерлердің республикалық форумына қатысуға арналған конкурстың жеңімпазы атанып, Халықаралық дәрежедегі форумға жолдама алды.

2024 жылы, қазан. «FinBridge International School» мектебінде БМЛ клубының ұйымдастыруымен өткен «Zharkyn Cup II» турниріне колледж студенті, «Қозғалыс» және «Көшбасшы» пікірсайыс клубтарының белсенді пікірсайысшысы Қонысбек Нұркен жүлделі «Ең үздік төреші» номинациясының иегері атанды.

2024 жылы. «2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында ұйымдастырылған техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында өткен қалалық «АРТ-ЭКСПЕРИМЕНТ» байқауында шығармашылық қабілеті мен үздік нәтиже көрсеткені үшін III дәрежелі Дипломымен колледж студенті Якия Сағыныш марапатталды (Жетекшісі: Абдикадырова Ж.Р.).

2024 жылы. «2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылына» және Ақтобе жоғары Политехникалық колледжінің 60 жылдығына арналған «60 ҮЗДІК БАҒДАРЛАМАШЫ» Республикалық онлайн - Олимпиада барысында II орын Дипломымен колледж студенті Вилор Сабина марапатталды (Жетекшісі: Убайдуллаева И.М.).

2024 жылы. «КОЛЛЕДЖДЕРДІҢ ҮЗДІК 100 СТУДЕНТІ – 2025» қалалық байқауының жеңімпазы «Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының III курс студенті Сейдалы Рамазан (Жетекшісі: Маймакова Л.Ж.).

2024 жылы. «КОЛЛЕДЖДЕРДІҢ ҮЗДІК 100 СТУДЕНТІ – 2025» қалалық байқауының жеңімпазы «Электрмен қамтамасыз ету» мамандығының III курс студенті Орынбасар Дулат (Жетекшісі: Сейтжан А.Ә.).

2024 жылы, сәуір. «Заманауи ғылым: Жас ғалымдардың жаңа тәсілдері мен қазіргі зерттеулері» тақырыбындағы жаратылыстану, техникалық әлеуметтік - гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша XXVIII Республикалық студенттік ғылыми конференциясы аясында өткен «SCIENCE KIDS - III» атты көрмеге қатысқаны үшін II Дәрежелі Дипломымен колледж студенті Асылбек Нұрасыл марапатталды (Жетекшісі: Турисбекова Г.А.)

2024 – 2025 оқу жылындағы білім алушылардың ата-аналарымен жұмыс

2024-2025 оқу жылы барысында білім алушылардың ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмыс жүргізуді колледжішілік ата-аналармен жоспарлы кездесулер ұйымдастырылды. Жоспардан тыс баланың дамуы мен тәрбиесіне қатысты нақты мәселелер, сондай-ақ жеке кездесулер, ата-аналар мен балаларға арналған семинарлар, ата-аналар балалармен бірге қатысатын, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған тренингтер өткізілді.

№	Мазмұны	Қамтылу	Мерзімі
1.	«Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жоспары» аясында кездесу	I курс студенттерінің ата-аналары	01.09.2024
2.	«БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – ҚОҒАМ КЕЛЕШЕГІ» тақырыбында жалпы колледжішілік ата-аналарының жиналысы психолог маман Г.У. Абатованың қатысуымен	I,II,III,IV курс студенттерінің ата-аналары	26.09.2024
3.	2024-2025 оқу жылының I семестрінің барысы	I,II,III,IV курс студенттерінің ата-аналары	9-13 желтоқсан 2024
4.	Кәсіптік бағдар беру: 2025 жыл-«Жұмысшы мамандықтар жылы» тақырыбы аясында	I,II,III,IV курс студенттерінің ата-аналары	25-29 сәуір 2025
5.	Аналар күні мен Халықаралық отбасы күніне орай «Отбасы жүрегі – Ана» тақырыбында кездесу	I,II,III курс студенттерінің аналары	14.05.2025
6.	Шымкент қаласы «Психологиялық қолдау орталығының» әдіскер маманы Г.Т.Имашевамен білім беру процесінде қатысушылардың психологиялық әл-ауқатын сақтау және нығайтуға бағытталған өңірлік қолдау көрсету мақсатында «Ашық есік» күні	I,II,III,IV курс студенттерінің ата-аналары	25.04.2025
7.	2024-2025 оқу жылының II семестрінің барысы	I,II,III,IV курс студенттерінің ата-аналары	11-13 маусым 2025

Ата-аналармен жұмыс жасауға көп көңіл бөлінеді. 2024-2025 оқу жылына барлық оқу топтарында - **5** жиналыс, колледж бойынша – **2** жиналыс өткізілді.

Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру **ағартушылық, консультативтік және коммуникативті** мақсаттарға сәйкес құрылды. Жыл бойы топ жетекшілер ата-аналарды балалармен болып жатқан өзгерістерді көруге және түсінуге үйретті. Ата-аналар

жиналыстардың тақырыптары білім алушылардың үлгерімі, сабаққа қатысуы және тәртібі туралы танысуымен ғана шектелмеді. Тақырыптар сауатты және мақсатты түрде тандалды.

Көптеген топ жетекшілері ата-аналар арасында тестілеу, сауалнама жүргізді; барлық топтарда "сенім телефоны" сияқты жұмыс түрі қолданды, ата-аналарға кеңес беру үшін педагог-психолог, әлеуметтік педагог және колледж әкімшілігі жұмыс істеді, сұрақтар мен жауаптар күндер өткізді.

Ата-аналардың ата-аналар комитетіне қатысуы және басқа да жұмыс түрлері өткізілді.

Ағымдағы оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысын шығара отырып, колледждің оқытушы ұжымы межеленген жоспарларды мейлінше жүзеге асыруға, алға қойылған міндеттерді шешуге ұмтылғанын айта кету керек.

Шешімдер:

1. Сынып жетекшілері:

1.1.Студенттердің азаматтық-патриоттық санасын, Қазақстан Республикасы азаматының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру;

1.2.Адамгершілік құндылықтар мен жетекші өмірлік нұсқауларды қалыптастыру үшін жағдай жасауды жалғастыру.

2.Әлеуметтік педагог, педагог-психолог анықтау, әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасыларды колледж қабырғасында есепке алу бойынша жұмысты жалғастыруы, қарым-қатынас дағдыларын дамыту, жанжалсыз қарым-қатынас әдістерін қалыптастыру, оқушылардың өз мүмкіндіктерін анықтауға көмектесу, қабілеттері, бейімділіктері, қызығушылықтары, денсаулық жағдайы бойынша.

3.Педагог-ұйымдастырушысы колледж оқушылардың шығармашылық белсенділігін қолдау үшін іс-шараларды ұйымдастырып, жалғастыру. .

4.Жастар ісі жөніндегі инспектор студенттік өзін-өзі басқару жұмысын жандандырсын.